7. Шиповник коричный – *Rosa cinnamomea* L. Высокий (1,5-3 м.), многолетний кустарник семейства розоцветных. Вертикальные толстые корни уходят на глубину до 2-3 м, горизонтальные – сильноразветвленные находятся в слое почвы от 5 до 40 см. Стебли вертикальные, чаще дугообразные, изогнутые, в нижней части покрыты игольчатыми серповидными шипами. Шипы у главных побегов редкие, на цветоносных – обильные. Ветви деревянистые, зеленого или красно-бурого цвета. Листья спиральные, непарноперистые с приросшими к черешку прилистниками, голые, иногда с редкими волосками, зеленые или сизоватые, длиной 8-10 см. Цветки правильные, собраны в метельчатые или щитковидные соцветия, иногда одиночные, обоеполые. Плод – многоорешек, оранжево-красный, широкоовальный, образуется за счет разрастания цветоложа. Цветет с конца мая по июль, плоды созревают в сентябре-октябре [10,11].

8. Шиповник рыхлый - *Rosa laxa* Retz. Высота кустарника до 1-2 метров. Ветви зелёные, молодые сизоватые с крупными, крепкими, книзу согнутыми, сильно расширенными к основанию шипами. Шипы расположены попарно при основании листьев. Листья 3-10 см длиной, черешок короткий (1-2,5 см), слабо опушенный с некрупными шипиками, иногда с желёзками. Листочки в числе 5-9, яйцевидные или эллиптические, длиной 1,5-4,5 см, по краю пильчато-зубчатые. Цветки в щитках по 3-6 на цветоножках, покрытых железистыми шипиками. Венчик 4-5 см в диаметре, бледно-розовый, до беловатого. Плод – многоорешек, шаровидный или широкоэллиптический, гладкий, красный с сизоватым налётом. Цветет в июне-августе, плодоносит в августе-сентябре [10].

9. Шиповник колючий – *Rosa spinosissima* L. Кустарник высотой 0,75-2 м. Шипы разных размеров, самые крупные могут быть длиннее самых крупных листочков. Листья голые, с каждой стороны с 5-15 простыми листочками, сверху тёмные, снизу светло-зелёные. Цветки одиночные, на длинных цветоножках, гладких или усаженных стебельчатыми желёзками и игольчатыми шипами, чашелистики простые, венчик 2-5 см в диаметре, лепестки крупные, выемчатые, белые или желто-белые. Плод-многоорешек, плоды 6 - 14 мм длиной, шаровидный, увенчанный чашелистиками, цветоножки ко времени созревания плодов иногда мясистые, черноватые. Цветёт в мае-июне [10].

10. Боярышник алтайский – *Crataegus altaica* (Loud.) Lange. Дерево высотой до 4-6 м (реже до 8 м) с голыми побегами красно-коричневой окраски, покрытыми беловатыми чечевичками. Листья черешковые, зеленые с сизым налетом, овальные или широко-треугольные в очертании, голые или опушенные по жилкам малозаметными короткими волосками, оснащены крупными сердцевидными или серповидными прилистниками. Цветки белые, собраны в сложные щитковидные или зонтичные соцветия по 10-30 штук, сидят на голых цветоножках. Плод – мелкое яблоко, оранжево-бурые или желтые, шаро, диаметром до 1 см, содержат по 5 семян. Цветет в мае-июне, плоды созревают в августе. В плодоношение культура вступает на шестой год после посадки [10,11].

11. Боярышник кроваво-красный – *Crataegus sanguinea* Pall. Высокий кустарник, реже небольшое дерево, высотой 1-4 (до 6) м. Покрытым тёмно-бурой корой. Ветки кроваво-красные, блестящие. Прилистники серповидные или косо-серцевидные, крупно-железисто-зубчатые, долго остающиеся на побегах. Листья очерёдные, яйцевидные, обратнояйцевидные или широкоромбические, с острой вершиной и клиновидным основанием, неравномерно-пильчатым краем, неглубоко трёх-, семи-, неглубоколопастные или крупнозубчатые, с тремя - пятью пильчатыми лопастями. Черешки длиной 0,5-2 см. Цветки мелкие, белые, с 5 лепестками в густых щитковидных соцветиях диаметром 4-5 см, со слабым специфическим запахом. Плод – мелкое яблоко, шаровидной или коротко-эллипсоидальной формы, диаметром

8-10 мм, кроваво-красного цвета, иногда оранжево-жёлтого. Цветет ежегодно, плодоносит в сентябре-октябре, в возрасте 10-15 [10,11].

12. Земляника лесная – *Fragaria vesca* L. Данный вид на территории исследования распространена повсеместно, на опушках березняков и вблюдцеобразных низинах. Ягоды мелкие, ароматные. Прикорневые листья тройчатосложные длинночерешковые, листочки с крупными острыми зубцами. Листья сверху почти голые, снизу покрыты шелковистыми волосками. Цветки пятичленные обоеполые белые, собранные в малоцветковые рыхлые зонтиковидные соцветия, выходящие из пазух простых, иногда двойных, крупнозубчатых яйцевидных листьев. Чашечки остаются при плодах. Плод - многоорешек, образующийся из разрастающегося, сросшегося с чашечкой цветоложа, в мякоть которого погружены мелкие орешки. Цветет в апреле-июле, плодоносит июнь-июль [10].

13. Костяника обыкновенная - *Rubus saxatilis* L. Травянистое растение с коротким неползучим корневищем. Листья тройчатосложные, длинночерешковые, листочки яйцевидные или ромбическо-яйцевидные, заостренные, по краям неравно двоякопильчатые и густореснитчатые, сверху рассеянно-волосистые или почти голые, снизу, главным образом по жилкам, более густоволосистые, боковые листочки иногда неглубоко-двулопастные. Цветки 7-10 мм диаметром в негустых щитковидных соцветиях. Чашелистики яйцевидно-ланцетные, длинно заостренные, опушенные. Лепестки продолговато - эллиптические, прямостоячие. Плод – костянка, состоит из 1 - 6 ярко-красных костянок, спаянных у основания. Цветёт в июне-июле, плодоносит в июле-августе [10,11].

Таким образом, выше описанные плодово - ягодные культуры произрастающие на территории ГНПП «Кокшетау», играют большую роль для обеспечения населения плодовыми и ягодными культурами, так как они обладают высокими пищевыми и лекарственными свойствами. Более детальное изучение плодово-ягодных культур, позволит в дальнейшем разработать рекомендации для создания высокоэффективного плодового производства в хозяйствах региона, а так же использования их в пищевой и фармацевтической промышленности, с целью обеспечения населения региона качественной и экологически безопасной продукцией.

Список использованных источников:

1. Постановление Правительства РК № 415 от 10 апреля 1996 года.
2. А. Казбеков, К. Сагадиев. Национальный природный парк «Кокшетау» - Кокшетау: «Кокше - Полиграфия», 2002. – 160 с.
3. https://kazakhstan.orexca.com/rus/national_park_kokshetau.shtml
4. А. Анциферов. Цветёт, цветёт черёмуха // Наука и жизнь. – 2005. – № 5.
5. Дымова О. Черёмуха в ландшафтном дизайне // Живой лес. - 2009. - № 2.
6. Абрикосов Х.Н. и др. Смородина // Словарь – справочник пчеловода / Сост. Федосов Н. Ф.. - М.: Сельхозгиз, 1955. – С. 342.

7. Универсальная энциклопедия лекарственных растений/ сост. И.Н. Путырский, В.Н. Прохоров. – М.: Махаон, 2000. - С. 256-257.

9. Ноздрачёва Р.Г. Вишня. Морфология, биология, сорта, размножение, закладка сада, технология возделывания. – Изд. дом "Социум", 2011.

10. Байтенов М.С. Флора Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 400 с. 11. Павлов Н.В. Флора Казахстана. – Алма-Ата: АН КазССР, 1961. Т.4. – 548 с.

12. Арыстанғалиев С.А., Рамазанов Е.Р. Қазақстан өсімдіктері. – Алма-Ата: Ғылым, 1977. – 288 б.

УДК 581.84

БИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЛЕКАРСТВЕННОГО ВИДА *XANTHIUM STRUMARIUM L.*

Алдибекова Д.А., Дюскалиева. Г.У, Ануарова. Л.Е.

Казахский Государственный Женский Педагогический университет., г.Алматы,
Казахстан, aldibekova.dinar@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада шипалы қасиеттерімен белгілі *Xanthium strumarium L.* дәрілік түрінің биологиялық ерекшеліктері және халық медицинасында қолданылуы берілген. Дәрілік өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін зерттеу, жергілікті дәрілік өсімдіктер қасиеттері мен құрамын анықтау халықтық медицинада, фармацевтияда оларды қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Annotation

The paper deals with biological features of the medicinal plant Xanthium strumarium L., known for its medicinal properties, as well as for their use in traditional medicine. Research of biological features of medicinal plants, determination of properties and compositions of local medicinal plants opens new possibilities of their use in traditional medicine and pharmacy.

Дурнишник обыкновенный – *Xanthium strumarium L.* Семейство сложноцветные - *Asteraceae* Dumort. Это однолетнее травянистое растение, высотой 20-100 см. Стебель прямой, ветвистый, покрыт мелкими жесткими волосками. Листья сердцевидные, трехлопастные, по краям с неровной крупнозубчатостью. Трубочатые цветки заключены в одиночных корзинках. Мужские корзинки многоцветковые, шаровидные, женские корзинки состоят из двух цветков. Обе корзинки развиваются в одном растении. Соплодие яйцевидное или эллипсовидное, зеленое или серовато-зеленое, длиной 12-18 мм, толщиной 5-10 мм с мелкими волосками и крючками. Цветет в июне-июле, а плоды созревают в сентябре [1].



Рисунок 1 – Особенности внешнего строения *Xanthium strumarium* L.

В медицине. В лекарственных целях используются листья, стебли, плоды, корни растения. Листья и стебли заготавливаются – в июле, августе, плоды – в сентябре и октябре, корни – уже поздней осенью.

Распространение. Широко распространены во всех регионах Казахстана.

Экология. *Xanthium strumarium* L. однолетнее растение, оно растет по берегам рек и канав, у дорог, в садах, на насыпях и пустырях.

Ресурс. Не исследован.

Химический состав. В траве дурнишника содержатся до 32,8 мг% аскорбиновой кислоты, флавоноиды, мало изученный аморфный гликозид ксантострумарин, алкалоиды, смолы, сапонины. Во всех частях растения обнаружено много йода. Кроме того, семена растения содержат гликозиды ксантострумарин (до 1,27%), плоды – сесквитерпеновые лактоны ксантатин и ксантинозин [2], а в травах есть алкалоиды. В составе растения большое количество йода [3,4]. А также, нужно отметить, что растение *X. strumarium* L. также содержит флавоноиды, кумарины и соединения хлора [5]. Однако, недостаточно исследованы химический состав растения и возможности его использования в лечебных целях.

Использование в народной медицине. Настой и отвар из цветов и листа принимают для лечения опухолей зубной железы, а также обладают противовоспалительными и жаропонижающими свойствами. Сок травы и настой дурнишника используют при отеках горла, боли в ушах [6]. В народной медицине Центральной Азии сок свежих листьев используют при лечении бронхиальной астмы, геморроя, при спазмах в горле, а семена употребляют для курения при туберкулезе [7]. Фитохимические исследовательские работы, проведенные Индийскими учеными, показали, что листья растения *X. strumarium* L. могут быть антимикробными и антиоксидантными потенциальными природными источниками. В народной медицине травы дурнишника используют для лечения болезни щитовидной железы, поноса, желудочно-кишечных заболеваний и холеры. Свежий сок травы дают больному при крапивнице. Дурнишник является полезным лечением при различных кожных заболеваниях. Можно применять внутрь и наружно при зуде, экземе, грибковых заболеваниях кожи и ногтей. Так как дурнишник *ядовитое растение*, следует быть осторожными при приеме *внутрь*. Местные рецепты для лечения разных заболеваний растением *Xanthium strumarium* L.:

№1. В народной медицине используют травы, стебли и семена дурнишника обыкновенного. Настой растения применяют при различных заболеваниях желудочно-кишечного тракта, таких, как понос, дизентерия. Для этого 1 столовую ложку сырья залить 1 стаканом кипятка, варить при слабом кипении 10 минут. Принимать по 1/4 стакана 4-6 раз в день. Многие авторы предлагают настой из корня и семян как наиболее полезный способ лечения таких заболеваний.

№2. Например, для лечения зоба правильнее будет применять настой, приготовленный по нижеуказанной технике: 1 столовую ложку измельченных плодов необходимо залить 1 стаканом холодной воды, кипятить 10 минут на медленном огне, процедить. Принимают средство при зобе по 1/2 стакана 3 раза в день после еды. Курс лечения составляет 2 месяца.

№3. Свежий сок по 15-20 капель на один раз (детям от 2 до 10 капель на один раз в зависимости от возраста) пить при тиреотоксикозе, поносах, дизентерии, бронхиальной астме, геморрое.

№4. 1 столовую ложку травы залить стаканом кипятка, кипятить 1 - 2 минуты, настаивать 10-12 часов, процедить. Принимать по 1/2 стакана перед едой 2 раза в день при почечнокаменной болезни. Курс – две недели. В результате лечения исчезают оксалатные камни в почках.

Заключение. *Xanthium strumarium* L. один из лекарственных растений используемый с древних времен в народе, известен своими лечебными свойствами. В результате исследования этноботанических и биологических особенностей были собраны сведения о лекарственном растении *Xanthium strumarium* L. Из данных литературы известно о распространенном применении дурнишника в качестве лечебного средства в народной медицине многих стран. Так как дурнишник является ядовитым растением, нужно быть осторожным при применении его внутрь.


Список использованных источников:

1. Флора Казахстана. – А-А: Изд-во Наука, 1966.
2. T. Han, H.L. Li, Y. Hu, et al. // *J. Chinese Integrat. Medisine*, – 2006. – 4(2). – P. 194-198.
3. Махлаюк В.П. Лекарственные растения в народной медицине. – Саратов: Поволжское кн. изд.,. 1991, – С. 131-132.
4. Ладынина Е.А. Траволечение и гомеопатия. – М., 2003. – С. 216-217.
5. Aldibekova D.A., Kizaipek M., Aisijiang M., Dyuskaliyeva G., Taldau A., Erkinbek M. Morphology, anatomy, chlorogenic acid content and antioxidant capacity of *Xanthium strumarium* L., and *Xanthium spinosum* L. // *OnLine Journal of Biological Sciences*. – 2018. – Vol. 18, Issue 2. – P. 237-246.
6. Саурамбаев Б.М., Құлбекова. А.А., Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және оның қолданылуы. – Алматы, 2017. – С. 119-120 б.
7. Лавренова Г.В., Лавренов В.К. Полная энциклопедия лекарственных растений – Донецк, 2008. С. 90-91.

БӨЛІМ 3
АНАТОМИЯ ЖӘНЕ АДАМ МЕН ЖАНУАРЛАР ФИЗИОЛОГИЯСЫНЫҢ
КЕЙБІР СҰРАҚТАРЫ

СЕКЦИЯ 3
НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ АНАТОМИИ И ФИЗИОЛОГИИ ЧЕЛОВЕКА И
ЖИВОТНЫХ

SECTION 3
SOME ISSUES OF ANATOMY AND PHYSIOLOGY OF HUMANS AND
ANIMALS



ЖОҒАРЫ ДОЗАЛЫ ГАММА СӘУЛЕНІҢ КЕЙІНГІ МЕРЗІМДЕГІ ӘСЕРІНЕН ANTIОКСИДАНТТЫ ЖҮЙЕДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Аленова А.А., Ильдербаев О.З.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, oiz5@yandex.ru

Аннотация

Получены результаты о влиянии высокой дозы радиации на антиоксидантную систему в иммунокомпетентных органах животного организма в эксперименте. Высокая доза гамма-излучения оказывает угнетающее действие на активность ферментов антиоксидантной системы в иммунокомпетентных органах животных и в отдаленном периоде воздействия. Ключевые слова: ионизирующее излучение, антиоксидантная система.

Annotation

The study presents the obtained results on the influence of a high dose radiation on the antioxidant system in the immunocompetent organs of the animal organism in the experiment. A high dose of gamma radiation have a depressing effect on the activity of antioxidant enzymes in immunocompetent organs of animals and in the remote period exposure. Key words: ionizing radiation, antioxidant system.

Қоршаған ортада радиация әсерінен қалған қалдықтарының кең түрде таралуынан, радиацияның кейінгі мерзімдегі әсерлері туралы ғылыми зерттеулер жүргізіліп жатыр [1]. Биологиялық жүйелерге, сонымен бірге популяцияға және олардың механизмдеріне радиогенді факторлардың кейінгі мерзімдегі әсерін жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындап, өзектілігін әлі де жоғалтқан жоқ [2]. Радиация әсерінен көптеген биологиялық қосылыстарда патологиялық өзгерістер туындайды. Арнайы немесе кездейсоқ апаттық жағдай нәтижесінде иондаушы сәуленің жұтылған дозасына байланысты физиологиялық және биохимиялық реакцияларды бағалауды және медициналық іс – шараларды жүргізу үшін зардаптарын болжаудың қажеттілігі туындайды [3]. Липидтердің асқын тотығы реакциясының белсенуі антиоксидантты жүйенің күшеюін ынталандырушы болып табылады [4]. Прооксиданттар мен антиоксидантты заттар арасындағы баланс қатаң реттеледі және олардың жасушалық, биохимиялық функцияларын қамтамасыз етуде маңыздылығы жоғары [5]. Ферментативті антиоксидантты заттардың ерекшелігі – олар жоғары заттар қатарына жатады. Жасушалардың антиоксидантты жүйесінің ферментативті буынының басты компоненті супреоксиддесмутаза болып саналады [6]. H_2O_2 суға және оттегіге дейін жылдам бейтараптайтын екінші фермент каталаза саналады. Жоғары белсенділігі ұзақ уақыт сақталатын жасуша ішілік фермент болып табылады, ал жасуша сыртындағы сұйықтықта өзінің белсенділігін тез жоғалтады. Тотығу

стресі кезінде, каталаза ферменті сутегінің асқын тотығын ыдыратуда басты рөл атқарады [7]. Осыған орай, жоғары дозадағы гамма - сәуленің кейінгі мерзімі аясында туындайтын иммуногенез ағзаларындағы антиоксиданттық жүйесіндегі өзгерістерді зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады. Жұмыстың мақсаты жоғары дозалы гамма-сәуленің кейінгі мерзімінің антиоксидантты жүйеге қаншалықты ықпалы болғанын зерттеу.

Зерттеу материалдары және әдістері. 4 сериядан тұратын егеуқұйрықтарға эксперимент жүргізілді: I топ – бақылау тобы (n=10), II топ – радиация әсерінің 7-ші күнінде зерттелген тәжірибелік топ (n=10), III топ – радиация әсерінің 30-шы күні (n=10) және IV топ – радиация әсерінің 90-шы күні (n=10). Жануарларды тәжірибелі сәулелендіру үшін алдын ала қажетті параметрлерді алу жағдайында топометриялық - дозиметриялық дайындық жүргізілді, кейін Чехиялық «Teragam» радиотерапевтік қондырғысымен тәжірибе сериясына сай межелі уақытта 6 Гр дозада сәуле берілді. Көзі ретінде Co^{60} радиобелсенді элементі қолданылды. Барлық жануарларда антиоксидантты жүйенің глутатионредуктаза (ГлР) және глутатионпероксидаза (ГлП) [8], каталаза (КТ) [9] ферменттер белсенділігін шеткі қан лимфоциттерінде және бауыр, көкбауыр, шажырқай лимфа түйіндерінде, бүйрек үсті безі, айырша безі гомогенатында анықтадық. Алынған нәтижелер статистикалық өңдеуден өтіп, ерекшеліктері t-Стьюдент критерийімен бағаланды.

Нәтижелер және талдау: Зерттеу нәтижелері бойынша (кесте), 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде (II топ) жануарлардың бауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі глутатионредуктаза ферментнің белсенділігі I топпен салыстырғанда 39%-ға ($p < 0,01$) және каталаза белсенділігі 33% ($p < 0,05$) нақты тежелгені анықталды, ал глутатионпероксидаза белсенділігінде нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені тіркелді ($p > 0,05$). Зерттеуге түскен келесі ағза көкбауыр гомогенатында антиоксидантты жүйе ферменттерінің белсенділігін I топпен салыстырғанда келесі пайыздық айырмашылық анықталды, яғни глутатионредуктаза – 44%-ға ($p < 0,01$), глутатионпероксидаза – 37%-ға ($p < 0,05$), каталаза - 56%-ға ($p < 0,001$) ферменттердің белсенділігі тежелген, яғни радиацияның жоғары дозада антиоксидантты жүйенің қызметін әлсіреткені байқалды. Жоғары дозалы гамма радиацияның шажырқай лимфа түйіндері гомогенатында антиоксидантты жүйеге тежегішті әсерін көрсеткендігі анықталды, яғни глутатионредуктаза 30%-ға ($p < 0,05$), каталаза 37%-ға ($p < 0,05$) белсенділігі тежелген, ал глутатионпероксидаза белсенділігінде тежелу үрдісі тіркелді. Зерттеу нәтижелері бойынша, 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде айырша безі гомогенатында шажырқай лимфа түйіндері гомогенатындағы сияқты тежегішті әсері болғаны анықталды. Атап айтқанда, глутатионредуктаза – 26%-ға ($p < 0,05$), каталаза – 53%-ға ($p < 0,001$) төмендеген. Бүйрек үсті безі гомогенатын зерттеу кезінде АОЖ ферменттерінің белсенділігі нақты түрде өзгеріске түспегені белгілі болды ($p > 0,05$). Зерттеуге түскен келесі нысана шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйе ферменттерінің

белсенділігін I топпен салыстырғанда келесі мәліметтер анықталды, атап айтқанда глутатионредуктаза – 66%-ға ($p < 0,001$), глутатионпероксидаза – 26%-ға ($p < 0,05$), каталаза – 11%-ға ($p > 0,05$) ферменттер белсенділігінің тежелуінен радиацияның антиоксидантты жүйені әлсіреткені тіркелді.

Зерттеудің келесі сериясында (III топ) (кесте), яғни 6 Гр сәулелелеудің 30 күніндегі зерттелген нысаналардағы АОЖ ферменттерінің белсенділігі жұмыстың мақсаты бойынша қарастырылды. Алынған нәтижелердің өзгерістеріне келсек, негізінен алғанда 30 күнінде АОЖ ферменттерінің белсенділігінің тежелгені анықталды. Жануарлардың бауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $24,24 \pm 2,01$ -ден $13,23 \pm 1,21$ -ге дейін ($p < 0,01$) немесе 46%-ға тежелгендігі анықталды. Глутатионпероксидаза ферменті белсенділігі $166,13 \pm 14,47$ -ден $137,69 \pm 8,58$ -ге дейін ($p > 0,05$) немесе 18%-ға тежелгендігі анықталды. Каталаза белсенділігі $75,35 \pm 6,14$ -тен $46,57 \pm 3,58$ -ге дейін ($p < 0,05$) немесе 39%-ға тежелгендігі белгілі болды. Бауыр гомогенатындағы сияқты өзгерістер көкбауыр ағзасында да көрініс алды, атап айтқанда глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда $36,13 \pm 3,13$ -тен $24,38 \pm 2,34$ -ке дейін ($p < 0,05$) немесе 33%-ға тежелсе, глутатионпероксидаза ферменті белсенділігі $256,35 \pm 21,12$ -ден $153,95 \pm 10,34$ -ке дейін ($p < 0,01$) немесе 40%-ға төмендегені анықталды. Ал, каталаза белсенділігі $60,16 \pm 4,77$ -ден $28,63 \pm 2,46$ -ға дейін ($p < 0,001$) немесе 53%-ға тежелгендігі белгілі болды. Айырша безі гомогенатында да АОЖ ферменттердің тежелгені тіркелді: глутатионредуктаза – 25%-ға ($p < 0,05$), глутатионпероксидаза – 27%-ға ($p < 0,05$), каталаза - 56%-ға ($p < 0,001$) тежелген.

Енді шажырқай лимфа түйіндері гомогенатындағы антиоксидантты жүйе ферменттеріне келсек, глутатионпероксидаза белсенділігі $223,28 \pm 19,13$ -тен $177,28 \pm 12,16$ -ға дейін ($p < 0,05$) немесе 21%-ға төмендегені анықталды. Каталаза ферментінің белсенділігі $51,24 \pm 4,26$ -дан $28,77 \pm 3,25$ -ке дейін ($p < 0,01$) немесе 44%-ға тежелгендігі белгілі болды. Глутатионредуктаза белсенділігі нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені тіркелді ($p > 0,05$). 6 Гр сәулелелеудің 30 күніндегі зерттелген бүйрек үсті безі гомогенатында глутатионредуктаза және каталаза ферменттері белсенділігі айтарлықтай өзгеріске түспегені тіркелсе ($p > 0,05$), ал глутатионпероксидаза ферменті жағынан айқын төмендегені белгілі болды: $167,45 \pm 11,33$ -тен $130,63 \pm 8,55$ -ке дейін ($p < 0,05$) немесе 22%-ға тежелген. Зерттеуге түскен келесі нысанамыз шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйе ферменттерінің белсенділігін I топпен салыстыру кезінде төмендегідей көрсеткіштер алынды: глутатионредуктаза - $9,31 \pm 0,83$ -тен $6,33 \pm 0,42$ -ге дейін ($p < 0,05$) немесе 32%-ға, глутатионпероксидаза - $431,82 \pm 37,23$ -тен $315,22 \pm 22,18$ -ге дейін ($p < 0,05$) немесе 27%-ға, каталаза - $90,13 \pm 8,34$ -тен $76,46 \pm 6,35$ -ке дейін ($p > 0,05$) немесе 16%-ға нақты болмаса да тежелу үрдісі жүруіне әкелген.

Зерттеудің келесі сериясында (IV топ), яғни 6 Гр сәулелелеудің 90 күнінде (кесте) бауыр гомогенатында антиоксидантты жүйедегі глутатионредуктаза ферментінің белсенділігі I топпен салыстырғанда 30%-ға ($p < 0,05$), каталаза

ферменті белсенділігі 31%-ға тежелгендігі анықталды. Көкбауыр ағзасында глутатиопероксидаза ферментінің белсенділігі 32%-ға ($p<0,05$) тежелсе, каталаза белсенділігі 46%-ға ($p<0,001$) төмендегені анықталды. Ал, глутатионредуктаза белсенділігі нақты өзгеріске түспегені тіркелді. Енді шажырқай лимфа түйіндері гомогенатындағы антиоксидантты жүйе ферменттеріне келсек, глутатионредуктаза 22%-ға төмендегені анықталса, каталаза ферментінің белсенділігі 33%-ға тежелгендігі белгілі болды. Глутатионпероксидаза белсенділігі нақты болмаса да тежелу үрдісі жүргені тіркелді ($p>0,05$). Айырша безі гомогенатында глутатионредуктаза және глутатионпероксидаза белсенділігі нақты өзгеріске түспегені анықталып, каталазаның белсенділігі 46%-ға ($p<0,001$) тежелгені белгілі болды. Келесі зерттеуге түскен бүйрек үсті безі гомогенатында глутатионредуктаза, глутатионпероксидаза және каталаза ферменттері белсенділігі айтарлықтай өзгеріске түспей, тежелу үрдісі болғаны тіркелді ($p>0,05$).

Кесте – 6 Гр дозалы гамма-сәуле әсеріндегі АОЖ ферменттері белсенділігі

	Зерттеу нысана	Бақылау топ (I топ)	6 Гр алған 7 күнде (II топ)	6 Гр алған 30 күнде (III топ)	6 Гр алған 90 күнде (IV топ)
ГЛР	Бауыр	24,24±2,01	14,98±1,03 **	13,23±1,21 **	17,18±1,43 *
	Көкбауыр	36,13±3,13	20,46±1,67 **	24,38±2,34 *	29,86±1,31
	Л/түйіндер	26,09±2,14	18,37±1,28 *	22,65±2,04	20,34±1,87 *
	Айырша без	30,24±2,54	22,35±1,64 *	22,66±1,87 *	26,63±2,03
	Бүйрекүсті без	23,13±1,89	19,97±1,57	20,36±1,75	22,55±1,78
	Лимфоцит	9,31±0,83	3,17±0,26 ***	6,33±0,42 *	5,64±0,33 **
ГЛП	Бауыр	166,13±14,47	145,58±12,07	137,69±8,58	151,32±11,27
	Көкбауыр	256,35±21,12	163,33±11,23 *	153,95±10,34**	176,48±10,64 *
	Л/түйіндер	223,28±19,13	191,13±16,22	177,28±12,16 *	198,26±12,16
	Айырша без	117,68±8,57	98,90±8,65	86,33±5,27 *	109,24±8,37
	Бүйрекүсті без	167,45±11,33	139,81±10,24	130,63±8,55 *	150,22±9,23
	Лимфоцит	431,82±37,23	322,92±27,23 *	315,22±22,18 *	335,07±24,24 *
КТ	Бауыр	75,35±6,14	50,45±4,37 *	46,57±3,58 **	52,58±3,26 *
	Көкбауыр	60,16±4,77	26,46±2,24 ***	28,63±2,46 ***	32,52±2,17 ***
	Л/түйіндер	51,24±4,26	32,58±2,36 *	28,77±3,25 **	34,63±2,54 *
	Айырша без	54,46±4,05	26,07±2,32 ***	24,38±2,04 ***	29,86±2,24 ***
	Бүйрекүсті без	62,36±5,24	51,89±4,65	55,76±5,33	54,12±3,37
	Лимфоцит	90,13±8,34	80,18±7,06	76,46±6,35	82,03±4,38
Ескерту: Бақылау тобымен салыстырудағы айырмашылық нақтылығы: *- $p<0,05$, ** - $p<0,01$, *** - $p<0,001$.					

Келесі нысанамыз шеткі қан лимфоциттерінде антиоксидантты жүйе ферменттерінің белсенділігін I топпен салыстыру кезінде төмендегідей көрсеткіштер алынды: глутатионредуктаза – 9,31±0,83-тен 5,64±0,33-ке дейін ($p<0,01$) немесе 40%-ға, глутатионпероксидаза – 431,82±37,23-тен 335,07±24,24-ке дейін ($p<0,05$) немесе 23%-ға, каталаза – 90,13±8,34-тен 82,03±4,38-ге дейін ($p>0,05$) немесе 9%-ға нақты болмаса да тежелу үрдісі жүрген. Сонымен,

алынған нәтижелер негізінде иондағыш сәуленің кейінгі мерзімі әсеріне ұшыраған жануарлардың иммунокомпетентті ағзаларында антиоксидантты жүйедегі ферменттер белсенділігінің тежелгені жүрген. Жоғары дозалы γ -сәуле әсерінің 7-і және 30-шы күндерінде жануарлардың зерттеуге алынған ағзаларында АОЖ ферменттері белсенділігі күрт төмендегені тіркелсе, ал, 90-шы күнінде, яғни сәуле әсерінің кейінгі мерзімінде әсіресе каталаза ферменті белсенділігінің тежелуі сақталғаны анықталды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Hei T.K. Response of Biological Systems to Low Doses of Ionizing Radiation // Health Physics. – 2016. – Vol. 110, № 3. – P.281-282.

2. Голивец Т.П. Популяционные закономерности развития заболеваемости злокачественными новообразованиями в постчернобыльский период: дис. док. мед. наук: 14.01.12. – Р-на-Д, 2012. – 280 с.

3. Khan A.R., Rana P., Devi M.M. Nuclear magnetic resonance spectroscopy-based metabonomic investigation of biochemical effects in serum of γ -irradiated mice // International journal of radiation biology. – 2011. – Vol. 87, № 1. – P. 91 - 97.

4. Marjani A. Lipid peroxidation alterations in type 2 diabetic patients // Pakistan journal of biological sciences. – 2010. – Vol. 13, № 15. – P. 723-730.

5. Carletti G., Nervo G., Cattivelli L. Flavonoids and Melanins: A Common Strategy across Two Kingdoms // International Journal of Biological Sciences. – 2014. – Vol. 10, № 10. – P. 1159-1170.

6. Soylemez S., Sepici A., Akar F. Resveratrol supplementation gender independently improves endothelial reactivity and suppresses superoxide production in healthy rats // Cardiovascular drugs and therapy. – 2009. – Vol. 23, № 6. – P. 449-458.

7. Fouad A.A., Qureshi H.A., Yacoubi M.T., Al- Melhim W.N. Protective role of carnosine in mice with cadmium-induced acute hepatotoxicity // Food and Chemical Toxicology. – 2009. – Vol. 47, № 11. – P. 2863-2870.

8. Власова С.Н., Шабунина Е.И., Переслегина И.А. Активность глутатионзависимых ферментов эритроцитов при хронических заболеваниях печени у детей // Лаб. дело. – 1990. – № 8. – С. 19-22.

9. Королюк М.А., Иванова Л.И., Майорова Н.О., Токарев В.Е. Метод определения активности каталазы // Лаб. дело. – 1988. – № 1. – С.16-19.

ӘОЖ: 616-092.9

ЖОҒАРЫ ДОЗАЛЫ ГАММА - СӘУЛЕНІҢ КЕЙІНГІ МЕРЗІМДЕГІ ӘСЕРІНЕН ИММУНДЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Қабдоллаева С.З., Ильдербаев О.З.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан, oiz5@yandex.ru

Аннотация

У экспериментальных крыс, подвергавшихся радиационному фактору, в отдаленном периоде были выявлены значительные изменения, которые характеризовались снижением количества лейкоцитов и лимфоцитов, абсолютного и процентного количества Т-лимфоцитов и их субпопуляции, уровня ЦИК, увеличением количества В-лимфоцитов и снижением функциональной активности нейтрофилов. Ключевые слова: ионизирующее излучение, иммунная система.

Annotation

Significant changes such as a reduction of leukocytes and lymphocytes, absolute and percentage amount of T lymphocytes and their subpopulations and level of CIC, increase of B lymphocytes and reduction of functional activity of neutrophils were identified in experimental rats exposed to radiation factor in a distant period. Key words: ionizing radiation, immune system.

Радиоактивті сәулелендіру дозалары ағзадағы иммундық жүйенің жасушалық бөліктерінің функционалдық белсенділігін өзгертіп, екіншілік иммунды жетіспеушілік жағдайының дамуын тудырады [1]. Ядролық энергетиканың кең таралуымен, сонымен қатар өндірістік және медициналық гамма-сәулелердің ошақтарымен тікелей байланысты иондық сәулелердің аз ғана дозасының тұрғындар денсаулықтары жағдайына тигізетін әсері қазіргі заманғы радиобиология саласының өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Әлемнің бірқатар елдерінде ядролық қаруды сынақтан өткізу тоқталмай жатқандықтан, сонымен қатар дүние жүзінде атом электростанцияларымен байланысты техногенді алапаттар жиі орын алып тұруына байланысты, адам ағзасының жасушалы иммунитетіне радиация сәулелерінің әсер ету көрсеткішін зерттеу өзектілігін жоймай келе жатқан мәселердің бірі [2]. Қоршаған ортаның радиобелсенді заттармен ластануы әр алуан экологиялық, медико - биологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді туғызады. Бұл мәселелерді шешу арқылы, радиацияның факторларымен ластанған көздері бар жерлерде тұрып жатқан және радиациялық ластанған өндірісте жұмыс жасайтын адамдардың өміріне олардың қанша дәрежеде қатерлі екендігін анықтауға болатыны анық [3]. Семей ядролық полигонында жүргізілген жарылыстардан кейін түзілген локальді радиоактивті заттардың түсуі, нәтижесінде сол аймақтағы адамдар ішкі және сыртқы сәулеленуге ұшыраған. Сонымен қатар, радиация алған осы аймақтардағы тұрғындар организмдеріне қоршаған ортаның қолайсыз факторлары кешенді түрде әсер етеді. Қазіргі таңда иондағыш сәулелердің иммундық жүйеге әсерінің кейінгі мерзімдеріндегі ықпалы қаншалықты болатыны қызықтырады. Тәжірибелі егеуқұйрықтардың иммундық жүйесіне жоғары дозалы гамма - сәуленің кейінгі мерзімдегі әсерін зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты болды.

Зерттеу материалдары және әдістері. 4 сериядан тұратын егеуқұйрықтарға эксперимент жүргізілді: I топ – бақылау тобы (n=10), II топ – радиация әсерінің 7-ші күнінде зерттелген тәжірибелік топ (n=10), III топ –

радиация әсерінің 30-шы күні (n=10) және IV топ – радиация әсерінің 90-шы күні (n=10). Эксперименттік жануарларды сәулелеу алдында топометриялы-дозиметриялық дайындық жүргізілді. Осы мақсатта Чехиялық «Terasix» рентген симуляторы сәулелеу алаңына нысаналарды орналастыру және гамма-сәулелерін дұрыс бағыттау үшін қолданылды. Эксперименттік жануарларды сәулелеу үшін арнайы жасалынған тордың ұяшықтарына бір мезетте он егеуқұйрық жекелей орналастырылды. Сәулелеу алаңы және тордың өлшемі «Teragam» радиотерапевтік қондырғысының сәулелеу алаңымен бірдей болды, яғни 40×40см. 6 Гр гамма-сәулесіне сәйкес болатындай топометриялы - дозиметриялық дайындық жүргізілгеннен кейін, жануарлар Чехиялық «Teragam» атты радиотерапевтикалық қондырғыда жоспарланған серияға байланысты, жоғары мөлшерлі 6 Гр дозада гамма-сәулесі берілді. Иондаушы сәуле көзі ретінде Co^{60} радиобелсенді элементі қолданылды. CD3+, CD4+, CD8+, CD19+ жасушаларын FITC конъюгацияланған моноклоналды антиденелерді қолдану арқылы анықталды. Гепарин қосылған қаннан лимфоциттер центрифугалау арқылы 1,077 г/мл тығыздықта фико-верографин арқылы ажыратылды. Иммуноглобулиндерді геледегі радиалды иммунды диффузияда анықтау О. Мапсіні et al. (1964) тәсілімен жүргізілді [4]. Лейкоциттер миграциясының тежелу реакциясын анықтау А.Г. Артемова (1973) тәсілі бойынша жүргізілді [5]. Полинуклеарлардың фагоцитарлық белсенділігін анықтау әдісінде фагоциттерінің құрамын (нейтрофилдер мен жалған-эозинофильдер) А.Е.Кост және М.И.Стенко (1968) [6] тәсілі бойынша анықталды. Нитрокөк тетразолий тесті арқылы иммунитеттің бейарнаулы буынының қызметтік белсенділігін анықтау Б.С. Нагоев және М.Г.Шубич (1981) тәсілі бойынша жүргізілді [7]. Айналыстағы иммунды комплекстерді (АИК) анықтау М. Digeon (1977) тәсілі бойынша [8] Ю.Я. Гринкевич және А.Н.Алферов (1981) модификациясы бойынша жүргізілді [9]. Зерттеу мәліметтері вариациялық статистика әдістері арқылы өңдеу жүргізіліп, салыстыру t-Стьюдент критерийімен анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу нәтижелері бойынша, 6 Гр γ -сәуле әсерінің жедел кезінде, яғни сәулеленуден кейін 7-ші күнінде лейкоциттер саны мен лимфоциттердің абсолюттік саны және салыстырмалы мөлшері қалыпты тобындағы жануарлардағы көрсеткіштерінен төмендеп, нақты өзгеріске түскені анықталды: лейкоциттердің саны қалыпты топта $6,41 \pm 0,17 \times 10^9$ /л құраса, II топта $4,80 \pm 0,23 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,001$). Лимфоциттердің жалпы саны қалыпты топта $2,68 \pm 0,11 \times 10^9$ /л құраса, II топта $2,24 \pm 0,18 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,05$). Ал пайыздық көрсеткіштерін алатын болсақ, гамма-сәулесіне ұшыраған топтағы жануарларда бақылау тобымен салыстырғанда төмендеу үрдісі жүргені тіркелді: I топта $37,81 \pm 3,31\%$ құраса, II топта $34,42 \pm 2,07\%$ болған ($p > 0,05$). Т-лимфоциттердің (CD3+) абсолютті саны $1,51 \pm 0,08 \times 10^9$ /л құраса, II топта $0,39 \pm 0,03 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,001$). Ал пайыздық көрсеткіштерін алатын болсақ, бұл жерде де нақты төмендегені тіркелді: I топта $30,61 \pm 2,53\%$ құраса, II топта $12,22 \pm 1,12\%$ болған ($p < 0,001$). Ал, CD4+ Т-хелперлердің абсолюттік саны I

топта $0,76 \pm 0,06 \times 10^9$ /л тіркелсе, II топта $0,20 \pm 0,02 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,001$). Ал пайыздық көрсеткіштерін алатын болсақ, гамма-сәулесіне ұшыраған топтағы жануарларда бақылау тобымен салыстырғанда нақты азайғаны белгілі болды: I топта $19,72 \pm 1,57\%$ құраса, II топта $6,44 \pm 0,64\%$ болған ($p < 0,001$). Ал, CD8+ T-супрессорлардың абсолюттік саны I топта $0,54 \pm 0,04 \times 10^9$ /л құраса, II топта $0,16 \pm 0,01 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,001$). Ал пайыздық көрсеткіштері де нақты азайғаны белгілі болды: I топта $11,04 \pm 0,76\%$ құраса, II топта $5,01 \pm 0,43\%$ болған ($p < 0,001$). ИРИ индексі T-хелперлердің кемуінен төмендеген шаманы көрсетті, қалыпты топтан нақты өзгеріске түспеген. CD19+ лимфоциттердің абсолюттік саны I топта $0,40 \pm 0,03 \times 10^9$ /л құраса, II топта $0,64 \pm 0,04 \times 10^9$ /л болған, яғни нақты өзгеріске түскені тіркелді ($p < 0,01$). Ал пайыздық көрсеткіштерін алатын болсақ, гамма-сәулесіне ұшыраған топтағы жануарларда бақылау тобымен салыстырғанда нақты артқаны белгілі болды: I топта $6,81 \pm 0,54\%$ құраса, II топта $12,81 \pm 1,04\%$ болған ($p < 0,001$). Зерттеу мәліметтері көрсеткендей АИК концентрациясы $40,0\%$ азайғаны тіркелді ($p < 0,001$).

6 Гр гамма-сәуленің әсерінің иммуноглобулиндерге ықпалына келсек, IgA және IgG концентрацияларының нақты түрде төмендегені байқалды. Мысалы, IgA-ның мөлшері $4,45 \pm 0,32$ г/л-ге нақты ($p < 0,05$), ал IgG концентрациясы $4,32 \pm 0,32$ г/л-ге дейін нақты ($p < 0,001$) төмендеген. Ал мұндай патология кезінде қан сарысуындағы IgM мөлшері нақты артқаны анықталды ($8,63 \pm 0,64$ г/л, $p < 0,05$). 6 Гр гамма-сәуленің әсерін алған тәжірибелік жануарлардың қанындағы фагоцитарлық белсенділігіне келсек, сәулеленудің 7 күнінде фагоцитоздың пайызы $33,27 \pm 2,63\%$ -ға немесе шамамен 1,09 есеге нақты болмаса да кемігені тіркелсе, ал бір фагоциттің фагоцитарлық саны II топтағы тәжірибелік жануарларда бақылау тобымен салыстырғанда артқаны анықталды: бақылау тобында $1,39 \pm 0,11$ болса, II топтағы жануарларда $1,75 \pm 0,12$ шамасында болғаны анықталды ($p < 0,05$). Жоғары доза әсерінің жедел кезінде НКТ тест көрсеткіші айқын тежелгені тіркелді – $4,80 \pm 0,37$ -ден $3,17 \pm 0,24$ -ке ($p < 0,05$).

T-лимфоциттердің лимфокиндер түзу белсенділігі иммундық жүйенің T-жүйе бөліміне функциялық белсенділігінің көрінісі ретінде функциялық белсенділігін фитогемагглютинин (ФГА) әсеріне лейкоциттердің миграциясын тежеу реакциясы (ЛМТР) арқылы тексеріліп, ондағы ФГА әсеріне байланысты лейкоциттердің миграциясының индексі анықталды. Гамма-сәулесіне шалдыққан II топтағы тәжірибелік жануарларда бұл көрсеткіштің $41,0\%$ -ға артуы лейкоциттердің миграцияны ингибирлейтін факторын (МИФ) түзу қабілеттілігінің төмендеп кеткенін анықтады. Бұл иммундық жүйенің T-жүйесінің функциялық белсенділігінің тежелгенін көрсетеді. Зерттеудің келесі сериясында (III топ), яғни 6 Гр сәулеленудің 30 күніндегі нәтижелері бойынша лейкоциттер саны қалыпты тобындағы жануарлардағы көрсеткішінен төмендеп, нақты өзгеріске түскені анықталды: лейкоциттердің саны қалыпты топта $6,41 \pm 0,17 \times 10^9$ /л құраса, III топта $5,07 \pm 0,25 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,01$). Лимфоциттердің жалпы саны мен пайыздық көрсеткіштері нақты болмаса да, төмендеу үрдісі жүрген ($p > 0,05$). T-лимфоциттердің (CD3+) жалпы саны III

топта $0,45 \pm 0,03 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,001$), пайыздық көрсеткіші $14,56 \pm 1,13\%$ құрап, төмендегені жүрген ($p < 0,001$). Ал, CD4+ Т-хелперлердің абсолюттік саны III топта $0,42 \pm 0,03 \times 10^9$ /л болса ($p < 0,001$), ал пайыздық көрсеткіші III топта $9,45 \pm 0,87\%$ құрап нақты төмендегені тіркелді ($p < 0,001$). Ал, CD8+ Т-супрессорлардың абсолюттік саны III топта $0,33 \pm 0,02 \times 10^9$ /л болса ($p < 0,01$), пайыздық көрсеткіші $5,52 \pm 0,38\%$ құрады ($p < 0,001$). ИРИ индексі Т-хелперлердің кемуінен төмендегені тіркелді.

CD19+ лимфоциттердің абсолюттік саны III топта $0,51 \pm 0,03 \times 10^9$ /л болса ($p < 0,05$), пайыздық көрсеткіші $11,62 \pm 1,04\%$ құрап, артқаны тіркелді ($p < 0,01$). Зерттеу мәліметтері көрсеткендей, АИК концентрациясы 35% азайғаны белгілі болды ($p < 0,001$). 6 Гр гамма-сәуле әсерінің иммуноглобулиндер ықпалына келсек, IgA және IgG концентрацияларының нақты түрде төмендегені жүрген: IgA – $4,21 \pm 0,34$ г/л-ге нақты ($p < 0,05$), IgG – $4,28 \pm 0,43$ г/л-ге нақты ($p < 0,001$) төмендеген, ал IgM мөлшері өзгеріссіз болды. 6 Гр гамма-сәуле әсерінен алған тәжірибелік жануарлардың қанындағы фагоцитарлық белсенділігіне келсек, сәулеленудің 30 күнінде фагоцитоз $28,31 \pm 1,76\%$ -ды құрап, нақты кемігені тіркелсе ($p < 0,05$), ал бір фагоциттің фагоцитарлық саны нақты болмаса да кему үрдісі анықталды ($p > 0,05$). НКТ тест көрсеткіші айқын тежелгені тіркелді – $4,80 \pm 0,37$ -ден $3,21 \pm 0,21$ -ге ($p < 0,05$). Гамма-сәулесіне шалдыққан III топтағы тәжірибелік жануарларда ЛМТР көрсеткіштің 43,0%-ға артуы лейкоциттердің МИФ түзу қабілеттілігінің төмендеп кеткенін көрсетті.

Зерттеудің келесі сериясында (IV топ), яғни 6 Гр сәулеленудің 90 күнінде лейкоциттер санының төмендеуінің сақталғаны анықталды – IV топта $5,21 \pm 0,34 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,05$). Лимфоциттердің жалпы саны мен пайыздық көрсеткіштері нақты түрде өзгерістерге түспеген ($p > 0,05$). Т-лимфоциттердің абсолюттік саны IV топта $0,83 \pm 0,05 \times 10^9$ /л болған ($p < 0,001$), пайыздық көрсеткіші $19,86 \pm 1,24\%$ құрап төмендегені сақталған ($p < 0,05$). Ал, Т-хелперлердің абсолюттік саны – $0,56 \pm 0,04 \times 10^9$ /л болса ($p < 0,05$), ал пайыздық көрсеткіші – $13,7 \pm 0,71\%$ құрап нақты төмендегені сақталған ($p < 0,05$). Ал, Т-супрессорлардың абсолюттік саны – $0,42 \pm 0,03 \times 10^9$ /л болса ($p < 0,05$), пайыздық көрсеткіші – $6,97 \pm 0,53\%$ құрады ($p < 0,01$). ИРИ индексі нақты түрде болмаса да төмендеу үрдісі тіркелді. CD19+ лимфоциттердің абсолюттік саны IV топта $0,55 \pm 0,03 \times 10^9$ /л болса ($p < 0,05$), пайыздық көрсеткіші $9,67 \pm 0,73\%$ құрап, артқаны тіркелді ($p < 0,05$). Зерттеу мәліметтері көрсеткендей АИК концентрациясы 22% азайғаны анықталды ($p < 0,05$). Иммуноглобулиндерге келсек, IgA және IgG мөлшері нақты түрде төмендегені жүріп: IgA – $4,78 \pm 0,21$ г/л-ге ($p < 0,05$), IgG – $5,34 \pm 0,37$ г/л-ге ($p < 0,01$), ал IgM – $9,76 \pm 0,73$ г/л-ге ($p < 0,05$) жоғарылаған. Фагоцитарлық белсенділігіне 6 Гр гамма-сәуленің әсеріне келсек, сәулеленудің 90 күнінде фагоцитоз шамасы – $29,85 \pm 1,87\%$ -ды құрап, нақты төмендегені анықталса ($p < 0,05$), ал фагоцитарлық саны нақты болмаса да, кему үрдісі анықталды ($p > 0,05$). НКТ тест көрсеткіші қалыпты көрсеткішке жуық болмаса да, жақындай түскені тіркелді ($p > 0,05$). Ал, ЛМТР

көрсеткіштің 33%-ға артуы ($p < 0,05$) лейкоциттердің МИФ түзу қабілеттілігінің төмендеуінің сақталғанын көрсетті.

Нәтижелерге сүйене отырып, 6 Гр гамма-сәуле әсерінің кейінгі мерзімінде де лейкопения, Т-лимфоциттер және олардың субпопуляцияларының абсолютті және салыстырмалы шамаларының шынайы төмендеуі жүргенін, сондай-ақ жалпы бейімделу синдромының иммундық жүйенің ағзалық тізбектерінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің тежелуі жүргенін тұжырымдауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Malecka A., et al. Stromal fibroblasts support dendritic cells to maintain IL-23. Th17 responses after exposure to ionizing radiation // *J. Leukoc Biol.* – 2016. – № 1015. – P. 474.

2. Oradovskaya I.V., Radzivil T.T. Influence of Professional Contact with Plutonium-239 on Indicators of the Immune Status of the Personnel at Siberian Chemical Plant // *Radiats Biol Radioecol.* - 2015. – Vol. 55, № 6. – P. 565-583.

3. Сейсебаев А.Т. Қазақстан Республикасы аумағындағы радиациялық ахуал // *Астана медициналық журналы.* – 2007. – № 7 (43). – С. 32-33.

4. Mancini G., Vaerman J P., Carbonara AO., Heremans J.F. A single radial diffusion method for the immunological quantitation of proteins. (Peeters H, ed) *Protides of biological fluids.* – Amsterdam: Elsevier, 1964. – P. 370-373

5. Артемова А.Г. Феномен торможения миграции лейкоцитов крови у морских свинок с гиперчувствительностью замедленного типа к чужеродному тканевому агенту // *Бюл. эксперим.биол. и мед.* – 1993. – Т. 76, № 10. – С. 67-71.

6. Кост Е.А., Стенко И.В. Исследование фагоцитоза по клиническим и лабораторным методам исследования. – М., 1998. – С. 78-80.

7. Нагоев Б.С., Шубич М.Г. Значение теста восстановления нитросинего тетразолия для изучения функциональной активности лейкоцитов // *Лаб. дело.* – 1981. – № 4. – С. 195-198.

8. Digeon M., Laver M. Detection of circulating immune complex in human sera by simplified with polyethylene glucos // *J. Immunol. Methods.* – 1997. – № 1. – P. 165-183.

9. Гринкевич Ю.Я., Алферов А.Н. Определение иммунных комплексов в крови онкологических больных // *Лаб. дело.* – 1991. – № 8. – С. 493-495.

УДК 612

ФИЗИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МАЛЬЧИКОВ 13-15 ЛЕТ РАЗНЫХ ТИПОВ КОНСТИТУЦИИ

Рамазанова А.С.¹, Мукатаева Ж.М.¹, Динмухамедова А.С.¹, Жакупов М.К.²

¹*ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан, a.s.d.14@yandex.ru*

²*Медицинский университет, Астана, Казахстан, zhakupovmk@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада Павлодар және Қызылорда қалаларында тұратын конституцияның түрлеріне байланысты, 13-15 жастағы ұлдардың морфофункционалды көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау ұсынылған. Зерттеуге алынған балалардың көпшілігі астеноидтық және торакалдық конституция түрлеріне жататындығы анықталды. Дене ұзындығы (ДҰ), дене салмағы (ДС), кеуде қуысының шеңбері (КҚШ) сияқты антропометриялық көрсеткіштерді салыстыру нәтижелері, сондай-ақ тыныштық күйіндегі және мөлшерленген жүктемеден кейінгі кардио-респираторлық жүйенің көрсеткіштері сипатталған. Зерттеу барысында екі қаладағы ұл балалардың астеноидты түрден дигестивті түрге қарағанда антропометриялық көрсеткіштері (ДҰ, ДС, КҚШ) біркелкі емес артуы байқалды. Салыстырмалы талдау басқа соматотиптермен салыстырғанда, дигестивті түрдегі балалардың кардиореспираторлық жүйесінің мүмкіндіктері аз екендігін көрсетті. Түйінді сөздер: морфофункционалды даму, конституция түрлері, антропометриялық көрсеткіштер, кардио-респираторлық жүйе.

Annotation

This article offers a comparative analysis of morphofunctional indicators of 13-15 aged boys, depending on the types of constitution, living in Pavlodar and Kyzylorda cities. Most of the studied children belonged to the asthenoidel and thoracal types of constitution. The article describes the results of comparison of the following anthropometric parameters, such as body length (BL), body weight (BW), chest circumference (CC), indicators of the cardiorespiratory system at rest and after a dosed load. The study revealed that anthropometric indicators (BL, BW, CC) in boys of two areas from asthenoidel to digestal type increased unevenly. Comparative analysis showed that the possibility of cardiorespiratory system in children of digestal type is less in comparison with other somatotypes. Key words: morphofunctional development, types of Constitution, anthropometric indicators, cardio-respiratory system.

В настоящее время в связи с изменением демографической ситуации, ухудшением социально - экономических и экологических условий все больше широким кругом исследователей отмечается ухудшение состояния здоровья детей. Наименее изучены вопросы, связанные с конституцией детей и подростков. Между тем, именно в этот период жизни проблема конституции приобретает наибольшее практическое значение. Специфика заболеваний, характер жизненных отклонений и динамика ростовых процессов во многом связаны с типом телосложения ребенка. Тип телосложения в детском возрасте – показатель большого прогностического значения [1, 2]. Проблемы конституциологии в Казахстане изучены недостаточно. Поэтому изучение особенностей физического развития детей с учетом индивидуальнотипологических особенностей представляется интересным и необходимым [2].

Целью данного исследования было изучение морфофункционального развития школьников 13-15 лет, разных соматотипов, проживающих в городах Павлодар и Кызылорда.

Материалы и методы исследования. Объектом исследования были мальчики 13-15 лет разных соматотипов. Всего было исследовано 120 школьников на базе школ города Павлодара и Кызылорды. Общепринятыми методами определяли основные антропометрические показатели физического развития: длину тела (ДТ), массу тела (МТ), окружность грудной клетки (ОГК). Для определения типа конституции у детей использовалась методика В.Г. Штефко и А.Д. Островского в модификации С.С. Дарской с выделением четырех основных типов конституции – астеноидного (А), торакального (Т), мышечного (М) и дигестивного (Д). Для оценки гармоничности физического развития рассчитывался индекс Кетле (ИК = МТ, кг/ДТ, м²) [3]. Оценка физической работоспособности школьников проводилась по методу Гарвардского степ - теста (PWC170). Достоверность различий оценивалась по t-критерию Стьюдента, различия считались достоверными при $p < 0,05$ [4].

Результаты и обсуждения. Анализируя полученные данные, было выявлено, что среди мальчиков в возрасте от 13-15 лет, проживающих в г. Павлодар, данное распределение показало, что процентное количество школьников астеноидного типа составило – 32%, торакального типа – 52%, мышечного типа – 13%, дигестивного типа – 3%. Распределение школьников, проживающих в г.Кызылорда по типам конституции, выявило следующее процентное соотношение: астеноидный тип – 32%, торакальный – 63%, мышечный – 5%. Школьников дигестивного типа конституции не обнаружено (Рисунок 1).




Рисунок 1 – Распределение школьников (13-15 лет) г. Павлодар и г. Кызылорда

В ходе исследования мальчиков г. Павлодар и г. Кызылорда по показателям длины тела мальчики г. Кызылорда опережали мальчиков г. Павлодара по всем исследованным соматотипам. По показателям массы тела, окружности грудной клетки и индекса Кетле среди мальчиков обеих исследуемых групп наблюдалось неравномерное увеличение от астеноидного к дигестивному типу. По показателям ОГК школьники г. Павлодара области значительно опережали сверстников г. Кызылорда. Абсолютные значения кистевой силы мальчиков г. Павлодара превышали значения школьников г. Кызылорда (Таблица 1).

Таблица 1 – Показатели физического развития мальчиков 13-15 лет, разных типов конституции, проживающих в городах Павлодар и Кызылорда

Показатели	г.	13-15 лет			
		А	Т	М	Д
N (кол-во)	п	n=19	n=31	n=8	n=2
	к	n=19	n=38	n=3	
ДТ, см	п	165,5±1,6	165,3±1,2	162,1±2,0	169,0±2,0*
	к	167,9±1,8	166,3±1,0	165,0±3,0	
МТ, кг	п	52,3±1,4	53,3±1,1	50,8±2,3	68,5±6,5*
	к	51,6±1,3	50,7±1,0	53,5±1,8	
ОГК, см	п	75,7±0,7	76,1±0,6	76,1±0,8	79,3±0,3*
	к	74,4±0,7	74,9±0,5	74,0±1,0	
Индекс Кетле у.е.	п	19,1±0,3	19,4±0,2	19,3±0,6	23,9±1,7*
	к	18,3±0,3	18,3±0,2#	19,6±0,3*	
Индекс стени, у.е.	п	0,92±0,01	0,91±0,01	0,92±0,02	0,78±0,04*
	к	0,95±0,01#	0,95±0,01#	0,91±0,01*	
% рез. Жира	п	13,8±0,4	18,9±0,5*	28,2±1,4*	28,3±1,2
	к	15,3±0,4	20,2±0,4#*	26,1±0,3*	
Рез. жир, кг	п	7,2±0,3	10,1±0,4*	14,4±1,0*	19,4±2,6
	к	7,9±0,3#	10,3±0,3*	14,0±0,6*	
АМТ, кг	п	45,1±1,2	43,2±0,9	36,4±1,7*	49,1±3,9*
	к	43,7±1,1	40,4±0,7#*	39,5±1,2	
Кистевая сила (пр+л), кг	п	47,1±1,7	48,4±1,4	41,5±1,8*	50,0±4,0
	к	45,1±1,8	43,3±1,1#	41,0±1,5	
КИ, кг/кг	п	0,90±0,01	0,90±0,01	0,82±0,02*	0,73±0,01*
	к	0,87±0,02	0,85±0,01#	0,76±0,04*	

Примечания: Достоверность различия средних величин для непараметрических независимых выборок: * – по отношению к предыдущей возрастной группе (p<0,05); # – при сравнении школьников проживающих в г. Павлодар и г. Кызылорда (p<0,05)

Орташа динамикалық қысым (ОДҚ) – қанның үздіксіз қозғалу қуатын көрсетеді. Студенттердің орташа динамикалық қысымын анықтау барысында көрсеткіштер қалыпты жағдай нормасына сай келеді. Жүрек-қантамыр жүйесінің бейімделу деңгейі ағзаның функционалдық жағдайын интегралды бейнелейтін көрсеткіш ретінде бейімделу әлеуетінің индексі бойынша анықталды [4]. Баевский бойынша бейімделу әлеуетінің анықтау барысында 17-19 жастағы жастардың бейімделу әлеуетінің қанағаттанарлық көрсеткіші 96-97%, қанағаттанарлық емес 3-4% құрады (Сурет 4).



Сурет 4 – Баевский бойынша бейімделу потенциалының көрсеткіштері

Қорыта келе, жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысына көптеген факторлар әсер етеді және ол жасына, жынысына сай өзгереді. Қанайналым жүйесінің көрсеткіштері – динамикалық көрсеткіш болып табылады. Сол себептен оқу үрдісі, сыртқы орта, психо-эмоционалдық күйі т.б жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысына әсерін туғызады. Зерттелген жастық топтарда қанайналым жүйесінің жағдайы қанағаттанарлық деп есептеуге болады. Осыған байланысты мынадай болжам жасауға болады: студенттердің гипокомфорттық оқу-кәсіби және әлеуметтік жағдайларының әсерінен қанайналым жүйесінің қолайлы жұмысы организмнің ішкі физиологиялық мүмкіндіктерімен өтеледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев халыққа Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Астана, 2014 жыл 17 қаңтар
2. Рослякова Е.М., Алипбекова А.С., Игибаева А.С. Показатели функционального состояния сердечно-сосудистой системы студентов в условиях адаптации к обучению в вузе в зависимости от вегетативного статуса // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2017. – № 5-2. – С. 252-256.
3. Агаджанян Н. А. Здоровье студентов. – М., 1997. – 199 с
4. Баевский Р.М., Берсенева А.П. Оценка адаптационных возможностей организма и риска развития заболеваний. – М.: Медицина, 1997. – 253 с.

ӘОЖ 579

ІРІ ҚАРА МАЛДАРДЫҢ ПИРОПЛАЗМИДТІ АУРУЛАРЫ

Махамед Р., Акбасова А.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан riza.makhamed@mail.ru
aj.alua@yahoo.com

Аннотация

*При выращивании домашних животных необходимо знать, что время от времени они болеют инфекционными заболеваниями. Особенно часто заболевание крупного рогатого скота происходит от укусов паразитов в весеннее и осеннее время. Одно из заболеваний – пироплазмидоз КРС, если не позаботиться о профилактике, заболевание может привести к гибели животных, а также к снижению продуктивности стада. Пироплазмозом крупного рогатого скота распространен практически по всему миру. В некоторых литературных источниках заболевание называют также тexasской лихорадкой. Возбудителем считается *Piroplasma bigeminum*, которая локализуется в эритроцитных клетках*

Annotation

When raising cattle it is necessary to know that from time to time they may catch infectious diseases. Especially often the disease of cattle comes from parasite bites during spring and autumn. One of the diseases is bovine pyroplasmidosis, if you do not take care of prevention, the disease can lead to the death of animals, as well as to a decrease in the productivity of the herd. Bovine pyroplasmidosis is distributed almost worldwide. In some literary sources, the disease is also called the Texas fever. The causative agent is Piroplasma bigeminum, which is localized in the erythrocyte cells.

Пироплазмидоздар (пироплазмоз, Солтүстік бабезиоз, Оңтүстік бабезиоз, немесе франсаиеллоз, тейлериоз және нутталлиоз) – қызбамен, анемиямен, шырышты қабықтардың сарғаюымен, гемоглобинуриямен (тейлериоздан басқас), өнімділігі мен жұмыс қабілетін жоғалтумен, сондай-ақ ірі қара малдың, жылқының, қойдың, ешкінің, Солтүстік бұғылардың, шошқаның, иттердің, терісі бағалы аңдардың (түлкінің, еноттардың) уақытылы емделмеген кезде жануарлардың өліміне әкеліп соқтыратын, трансмиссиялық протозойлық аурулары [1]. Аурудың қоздырғыштары – *Piroplasmida* отрядына жататын қарапайымдылар. Олар эритроциттерде (пироплазма, бабезия, нутталли) немесе эритроциттер мен лимфоидты - макрофагалды жүйенің жасушаларында (тейлериада) паразит тіршілік етеді. Эритроциттерде сопақ, сақиналы, амеба тәрізді және қос алмұрт тәрізді түрде оқшауланады. Паразиттер эритроцит орталығында орналасқан. Алмұрт тәрізді және созылған түрлерінің ұзындығы эритроцит радиусынан көп. Эритроциттегі паразиттердің саны 1-2, сирек 3-4, кейде көп. Аурудың басында паразиттің жеке түрлері жиі кездеседі, содан кейін жұп алмұрт тәрізділер көп болады.

Пироплазмоз кезінде эритроциттердің зақымдануы 5-15% құрайды. Паразитемия дамығанда эритроциттердің зақымдануы 40%-ға дейін, ал бас миы мен бүйректің қан тамырларының эритроциттерінде 80-100%-ға дейін жетуі мүмкін. Ағзадан тыс қанда пироплазманың өміршеңдігін 19-20°C температурада 24 сағатқа дейін сақтайды, ал 35-40°C температурада екі тәуліктен кейін өледі, бірақ минус 196°C температурада сақталады (Дьюар ыдыстарында). Пироплазмидтің әр түрі спецификалық болып табылады және жануарлардың белгілі-бір түрінде ауру тудырады. Қоздырғыштардың көздері мен табиғи резервенттері – инвазирленген иксодты кенелері, пироплазмидозбен ауырған және ауырып жазылған жануарлар. Табиғи жағдайда малдарға жұғуы пироплазмидтермен инвазирленген кенелер шаққан кезде болады. Әр аурудың маусымдылығы нақты табиғи-климаттық аймақта кенелердің белгілі-бір түрінің даму фазасының (кұрттар, нимфтар, имаго) инвазиясын беретін белсенділігімен анықталады. Көбінесе бұл – көктем, жаз және күз маусымдары [2].

Пироплазмидоздың пайда болуы үшін эпизоотиялық тізбектің үш буыны болуы қажет: жұқтырған (ауру немесе ауырып жазылған) жануарлар, желім, тасымалдаушы және сезімтал (сау) жануарлар. Егер жұққан кенелер болса, онда инвазияланған жануарлардың болуы міндетті емес, себебі қоздырғыштарға

(тейлерияны қоспағанда) тасымалдау ағзасында оны тіпті спецификалық емес қожайындарды қоректендіргенде циклдің қайталануы тән.

Эпизоотологиялық мәліметтер. Ауру көбінесе оңтүстік аймақтарда жер шарының барлық континентінде таралған, себебі осы аймақтарда тасымалдаушы кенелер көптеп кездеседі. Бұрынғы КСРО аумағында пироплазмоз Қырымда, Солтүстік Кавказда және Орта Азия республикаларында таралған. Пироплазмоз қоздырғышының тасымалдаушысы кене болып табылады: бір қожайынды – *Boophilus calcaratus*, екі қожайынды – *Rhipicephalus bursa* және үш қожайынды – *Haemaphysalis punctata*. Пироплазмоздың эпизоотологиясында негізгі рөлді бір қожайынды кенесі – *B. calcaratus* атқарады [1, 3].

Қырымда және Солтүстік Кавказда бұл кенелер екі генерация береді. Дағыстанда және оңтүстікке қарай бұл кенелер 3 генерация бере алады. Осы кенелер 2 генерация бере алатын аймақтарда жануарларда екі энзоотиялық өршу болады: көктемнің сәуір мамыр айларында және жаздың шілде-тамыз айларында. Кенелер 3 генерация бере алатын аймақтарда ветеринариялық мамандар көктемгі, жазғы және күзгі өршуді атап өтеді. Ең қарқынды жазғы өршу болып табылады. Жануарларды қорада ұстау кезінде де ветеринар мамандар кейде пироплазмозбен ауруды тіркейді. Бұл егер шөппен үй-жайға кене-тасымалдаушы енген болса кездесуі мүмкін [3]. Жергілікті мал басқа өңірлер мен елдерден әкелінген малдармен салыстырғанда ауыруды жеңіл көтереді. Кәрі, жүдеген және айдаудан шаршаған жануарлар пироплазмозбен қаттырақ ауырады. Буаз жануарлар түсік тастауы да мүмкін. Пироплазмозды ірі қара мал табиғи кенелері көп жайылымдарда жұқтырады. *Boophilus calcaratus* таралған аймақтарда пироплазмоз қоздырғышы бабизиоз және франсаиеллезбен аралас инвазия түрінде жиі кездеседі.

Патогенез. Ауру жануардың ағзасындағы патологиялық процесс қандағы паразиттердің көбеюіне және жануарлар ағзасында олардың тіршілік ету өнімдерінің жиналуына қарай дамиды. Эритроциттердің жаппай ыдырауы гемоглобинурияға әкеледі. Интоксикацияның күшеюімен қан тамырларының кеуектілігі артады, қан айналымы, зат алмасуы бұзылады және бүйректе, бауырда, көкбауырда және басқа да ішкі органдар мен тіндерде қайтымсыз дегенеративті процестер пайда болады [4].

Клиникалық көрініс. Пироплазмоз ірі қара малдарда өткір өтеді. Инкубациялық кезең кенелер арқылы жануарларды жұқтырғанда 8-12 күн, қан арқылы жұқтырғанда (әдіс пен материалға байланысты) 2-ден 24 күнге дейін созылады. Ауру дене қызуының 41-42°C дейін күрт жоғарылауынан, жалпы тежелу пайда болуынан басталады. Ауру жануарлар азықтан бас тартады, оларда күйіс тоқтайды, шөлдеу пайда болады, ауру жануар көп жатады, жаю кезінде басқа жануарлардан артта қалады, өнімділігі төмендейді. Пульстің минутына 119-120 соққысы және тыныс алу жиілігі тіркеледі. Аурудың бастапқы кезінде көрінетін шырышты қабықтар гиперемирленген, содан кейін

олар 2-3 күнде анемиялық, сарғыш болады, жолақ және дақты қан құйылу пайда болады [3].

Ауру жануардың басы төмен тұрады, кейде оның көзінен жас ағады. Ауру жануарды клиникалық тексеру кезінде асқазан-ішек жолдары жұмысының бұзылғанын (ұйқының атония және гипотониясы, іш қату, диарея) атап көрсетеді. Температура көтерелген екінші күні жануарда гемоглобинурия пайда болады, несептің түсі ашық қызылдан қою қызылға дейін өзгереді, несептің құрамында ақуыз болады. Ауру жануардың зәр шығару жиі болады. Қанда эритроциттер саны 7-ден 2,5 миллионға дейін және одан аз төмендейді, гемоглобин мөлшері 25-32%-ға дейін төмендейді, лимфоциттер саны 71%-ға дейін артады, ал нейтрофилдер төмендейді. Қандағы еріген гемоглобин сарысуы қызғылт немесе қызыл түске ие болады. Буаз жануарлар түсік тастай алады. Перифериялық қан жұғындысында (Романовский әдісі бойынша боялған) аурудың алғашқы күндері пироплазма анықталады. Ем болмаған жағдайда жануардың өлімі 5 - 6 күнге басталуы мүмкін [5].

Ірі қара малдың бір жасқа дейінгі төлінде, сондай-ақ жергілікті малда пироплазмоз едәуір жеңіл, кейде клиникалық белгілерсіз өтеді. Ветеринариялық мамандар көктемгі өршу кезінде пироплазмоздың жазғы және күзгі өршуге қарағанда жеңіл жүретінін байқады. Мұндай ауру жануарларды клиникалық қарау кезінде ветеринар мамандар дене қызуының жоғарылауын, тәбеттің нашарлауын, қарыншаның гипотониясын, көрінетін шырышты қабықтың шамалы қызаруын және сарғаюын белгілейді. Пироплазмоз франсаиеллезбен, лептоспирозбен және басқа да аурулармен бір мезгілде өтетін жағдайда, ветеринариялық дәрігер жануардың қандай да бір ауруына тән басқа да клиникалық белгілердің болуын белгілейді [6].

Пироплазмозға диагноз эпизоотологиялық және клиникалық деректер, аурудың маусымдылығы негізінде қойылады. Амалсыз сойылған жануарлардың өлекселері мен еттерінде паразиттердің морфологиясы біршама өзгертінін және сипатты форманың табылуы қиындықтармен ұштасатынын ескеру қажет (әсіресе жануар өлгеннен кейін бір тәуліктен кейін алынған жұғындыда). Өлген малдарда эритроциттердің паразиттермен зақымдануы 20 - 40%-ға жетеді. Пироплазмозды бабезиоз, тейлериоз, франсаиеллез, анаплазмоз, лептоспироз, сібір жарасы, улану және басқа да аурулардан ажырату үшін дифференциалды диагноз жүргізеді [7].

Емі. Ауру жануарларды басқа малдардан оқшаулайды және мал ауласының үй-жайына немесе қораға қалдырады. Ауру жануарларға тыныштық, жақсы сіңірілетін азық, жиі суат беріледі. Азықтандыру рационына сүт сарысуын, қышқыл сүтті, микроэлементтерді (кобальт хлориді, мыс сульфаты, құрамында темір бар препараттар) В12 витаминін енгізеді. Арнайы, симптоматикалық және патогенетикалық ем жүргізеді. Ерекше химиотерапияны жүргізу кезінде азидинді(беринил) 0,0035 г немесе 3,5 мг/кг дозада тері астына немесе бұлшықет ішіне 7% ерітінді түрінде қолданады. Жақсы емдік әсері

трипафлавинді немесе флавакридинді көктамыр ішіне 1%-дық ерітіндісін 0,003 – 0,004 г/кг мал массасына енгізеді.

Ауыр ауыр өтсе трипафлавин немесе флавакридинді 2-3 сағат аралықпен екі қабылдауға бөлшектеп енгізіледі. Гемоспоридин – 0,5 мг/кг тері астына 2% ерітіндіде 1-2 рет 24 сағат аралығымен, пироплазмин (акарин) – 1 мг/кг 5% ерітіндіде тері астына 1-2 рет 24 сағат аралығымен беріледі. Сонымен қатар ветеринар мамандар симптоматикалық дәрілік заттарды қолданады [8].

Пироплазмидоздармен күрестің негізгі шаралары ұйымдық-шаруашылық және агрометеорологтік шаралар кешенін жүзеге асыру болып табылады: пироплазмидоз қоздырғыштарын тасымалдаушы кенелердің дамуы үшін қолайсыз жағдай жасау; малға, мал қораларына және биотоптарға тасымалдаушыларды жою; мал басына пироплазмидозға бейім мал табындарды, фермаларды (шаруашылықтарды) жинақтау кезінде, мал басын айдау (тасымалдау) кезінде, оларды жайылымдарда және елді мекендерде ұстау кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтау; химиялық алдын алу құралдарын қолдану, ауру жануарларды уақытында емдеу [9].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Галат В.Ф., Ятусевич А.И. Руководство по ветеринарной паразитологии. – Минск: ИВЦ Минфина, 2015. – 496 с.
2. Акбаев М.Ш., Водянов А.А., Косминков Н.Е. Паразитология и инвазионные болезни животных. – М.: КолосС, 2002. – С. 535-538.
3. Shaw Susan, E. Day, Michael J. Arthropod-borne Infectious Diseases of the Dog and Cat. – Manson Publishing, 2005. – P. 71.
4. Amerault T.E., Roby T.O. A rapid card agglutination test for bovine anaplasmosis // J. Am. Vet. Med. Assoc. – 1968. – Vol. 153. – P. 1828-1834.
5. Wormser G.P., et al. The clinical assessment, treatment, and prevention of Lyme disease, human granulocytic anaplasmosis, and babesiosis: clinical practice guidelines by the Infectious Diseases Society of America // Clin. Infect. Dis. – 2006. – Vol. 43 (9). – P. 1089-1134.
6. Bock R.E., De vos A.J. Immunity following use of Australian tick fever vaccine: a review of the evidence // Aust. Vet. J. – 2001. – No79. – P. 832-839.
7. Jorgensen W.K., De vos A.J., Dalgliesh R.J. Infectivity of cryopreserved *Babesia bovis*, *Babesia bigemina* and *Anaplasma centrale* for cattle after thawing, dilution and incubation at 30 C // Vet. Parasitol. – 1989. – Vol. 31. – P. 243-251.
8. Patel E.H., et al. Molecular characterization of live *Theileria parva* sporozoite vaccine stabilates reveals extensive genotypic diversity // Vet. Parasitol. – 2011. – Vol. 179. – P. 62-68.
9. Rowlands G.J., et al. A statistically derived index for classifying East Coast fever reactions in cattle challenged with *Theileria parva* under experimental conditions // Parasitology. – 2000. – Vol. 120. – P. 371-381.

БӨЛІМ 4
МОЛЕКУЛАЛЫҚ БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕНЕТИКАНЫҢ ДАМУ
КЕЛЕШЕКТЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ОЙЛАРЫ

СЕКЦИЯ 4
ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ МОЛЕКУЛЯРНОЙ
БИОЛОГИИ И ГЕНЕТИКИ

SECTION 4
TRENDS AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF MOLECULAR
BIOLOGY AND GENETICS



3D КУЛЬТИВИРЛЕУ: ЖЕКЕ ЖАСУШАЛАРДАН РЕГЕНЕРАЦИЯЛЫҚ ТІНГЕ ДЕЙІН

Рахымжанова А.Қ., Акбасова А.Ж.
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ., Қазақстан
akmaral.rakhymzhanova@gmail.com, a.j.alua@gmail.com

Аннотация

Феномену мезенхимальной пластичности мультипотентных мезенхимальных стволовых клеток (ММСК) наблюдаемому в 2D культурах, до сих пор не найдено объяснение. Новые возможности открывает 3D культивирование ММСК, которое моделирует закономерности образования слоев эпителиальных клеток. Проведенный анализ литературных данных позволил предположить, что именно спонтанное формирование ММСК сфероидов индуцирует образование регенерационной ткани. Продемонстрирована возможность репрограммирования ММСК сфероидов в нейроэктодерму и энтодерму.


Annotation

The phenomenon of mesenchymal plasticity of multipotent mesenchymal stem cells (MMSCs) observed in 2D cultures hasn't been clarified yet New opportunities are opened by 3D cultivation of MMSC, which models patterns of formation of layers of epithelial cells. The analysis of literature data suggested that it is the spontaneous formation of MMSC spheroids that induces the formation of regeneration tissue. The feasibility of reprogramming dense MMSC spheroids into neuroectoderm and primitive endoderm has been demonstrated.

Үш өлшемді культуралар алу әдісін екі өлшемді культивирлеу әдісімен салыстыру биологиялық жүйелердің культуралардағы жасушалардың дамуындағы критикалық ерекшеліктер болатының көрсетті. 2D культуралардағы мультипотентті мезенхималды бағаналы жасушалардың (ММБЖ) мезенхималық икемділік феномені әлі күнге дейін түсініксіз. Әдеби мәліметтерге шолу арқылы ММБЖ сфероидтарының спонтанды түзілуі регенерациялық тіннің түзілуін индукциялайтыны туралы болжам жасауға болады. Сүтқоректілердің мультипотентті мезенхималды стромалды жасушаларының (ММСЖ) жоғары деңгейде тазартылған культуралары пластике адгезияланған колониялардың 3 типін түзеді:

- 1) типтік фибробласт тәрізді (мезенхималды) 2D кластерлер;
- 2) апикалды-базальді ось бойымен жайылған поляризацияланған жасушалардан эпителиоидты колониялар және
- 3) эпителия тәрізді және фибробласт тәрізді (стромалды) жасушалардан аралас эпителио-мезенхималды 2D колониялар [1-3].

Ұзақ уақыт культивирлеу мен пассаждау кезінде эпителиалды және 2D колониялар культуралрдан жоғалып кетеді және тек мезенхималды колониялар *in vitro* тұрақты тіршілігін сақтайды. Д. Зипори айтуынша, ММБЖ *in vitro* екі қалыпты эпигенетикалық жағдайда болады [4]. Бірақ, 2D культуралардағы жасушалардың эпителио-мезенхималды икемділігі жайлы функционалды түсінік табылған жоқ. Сонымен қатар, 3D культуралардағы жасушалардың қайтарымды эпителио-мезенхималды икемділігі қандай рөл атқаратыны да түсініксіз. Паттернинг және мүшелердің осьтік түзілуі, сезім мүшелерін қосқанда, эпителий мен строма (плакода мен папилла) арасындағы байланысты басқаратын, күрделі сигналды желілер мен каскадтар арқасында іске асады. Ұрықтың дамуы кезінде жасушалардың қайтарымды эпителио-мезенхималды конверсияларының бірінші-, екінші- және үшінші реттік циклдары анықталды [5,6]. Жасушалардың эпителио-мезенхималды икемділігінің морфогенезбен байланысын, адгезияланған жасушалар цитодифференцировкасы мен экстрацеллюлярлы матрикс салымы минимизацияланған, 3D-жүйелерде зерттеуге мүмкін болды. Мүшенің кез-келген жасушалары тегіс культураларда экстрацеллюлярлы матрикс пен ұлпаның басқа да компоненттерімен табиғи байланыстары мен ұйымдасуын жоғалтады. 3D культураларда, коллагенді матрикс, базальді мембрана және матригельдегі жасушалар ұйымдасулары мен функцияларын жасуша – матрикс байланысы арқасында жартылай қалпына келтіреді. Жасушалық сфероидтар құрастыру жағдайында олар ұлпалық ұйымдасуды таңдамалы жасушааралық өзара әрекеттесулер арқылы қалпына келтіреді. Әдістердің әрқайсысы морфогенездегі жасушалық және жасуша сыртқылық факторлардың ролін анықтауға мүмкіндік береді. Жасуша мен матрикс және жасушалардың өзара әрекеттесулерін бақылайтын программалар арасында генетикалық және сигналдық антагонизм культураларда жиі байқалады [7]. Сфероидтардың түзілуінде маңызды рөлді жасушалық адгезия молекулалары атқарады. Сфероидтар құрылуының үш негізгі стадиясын бөліп қарастыруға болады (Сурет1).




А. Жасушалардың бос ұйымдасуы

В. Ықшам агрегат қалыптасуы

Сурет 1 – Диаметрі 500 мкм үлкен агрегат құрылымы (R.Z Lin, H.Y. Chang, 2008 өзг. б -ша)

Бірінші стадияда жасушалар бір-бірінен алыс орналасқан және жасушалар мен жасушадан тыс матрикс арасындағы контакттар матрикстегі ақуыздар мен жасуша сыртындағы интегриндердің байланысуына тәуелді. Келесі стадия

жасуша сыртындағы Е-кадгерин жинақталуымен байланысты. Нәтижесінде, үшінші этапта кадгерин-кадгеринді жасушааралық контакттар түзіліп, тығыз агрегат пайда болады. Жасушалардың тығыз қапталуына және сосудтардың жоқ болуына байланысты үлкен агрегаттарда қоректік заттар диффузиясында қиыншылықтар туындауы мүмкін. Егер агрегат диаметрі 20-500 мкм асатын болса, оттегі концентрациясының градиенті пайда болады. Сонымен қатар агрегаттарда көмірқышқыл газы мен жасушалардың тіршілік өнімдері жиналады. Барлық факторларды қарастыра отырып, мөлшері 500 мкм асатын агрегаттарды бірнеше қабатқа бөліп қарастыруға болады. Ортасында өлі жасушалар зонасы орналасқан. Оның сыртын тірі жасушалар қаптайды. Ал, сыртында белсенді пролиферацияланып жатқан жасушалар орналасады (Сурет 2).



Сурет 2 – Агрегат қалыптасу үлгісі (R.Z Lin, H.Y. Chang, 2008 өзг. б-ша)

ММБЖ сфероидтар алу мақсатында көбінесе «ілулі тамшы» әдісі қолданылады. Жасушаларды стандартты жағдайларда (37°C, 5% CO₂) 3-6 тәулік бойы культивирлейді. Культивирлеудің үшінші күні 3D культуралар мөлшері 20-30 мкм болатын, құрылымы бойынша бос жасушалар ұйымдасуы пайда болды. Сфероидтар беттің көлемге минималды қатынасына ие. Беттік кернеу күштері жасушалардың сыртқы қабатында сфералардың көлемін минимизациялайды. Матрикс жоқ болған кезде сфероид ішіндегі көптеген жасушалар энергетикалық жағынан экономикалық ең тиімді шар тәрізді формаға айналады [8]. Сонымен қатар, дөңгеленген жасушалардың сфероидтағы сигналдық кооперациясы жүйені эктодерма, нейроэктодерманың ерте гендеріне қайтарып қана қоймай, сонымен қатар, регенерациялық тінде жұмыс істейтін, жасушалық регенерацияның ерте гендерін белсендіреді [9].

Зертханалық жағдайларда алынған функционалды тін модулі ретінде мультижасушалық сфероидтарға деген практикалық қызығушылық ұсақ

зертханалық жануарлардың мүшелерін өсірудегі «тупикке» байланысты жандана түсті [10]. «Жасушалық сфероидтар» термині ғылыми әдебиетте өткен ғасырдың 90-шы жылдардың басында пайда болды. Ол пайда болғанға дейін жасушалық биология, эмбриология және биологияда басқа екі термин кеңінен пайдаланылды: жаңа тіндік кеңістіктегі 3D-әрекеттесулерді сипаттауға арналған жасушалық кластерлер мен жасушалық агрегаттар [11-14].

А. Каррель бірінші болып, жүрек пен басқа мүшелердің эксплантаттары культурада бірнеше ай тіршілігін және физиологиялық функцияларын сақтай алатынын (ритмикалық қысқарулар) көрсетті. Осы себептен А. Каррель 3D «гисто-культуралар» өсіруге көңіл бөлді. Өткен ғасырдың 50-ы жылдары Дж. Лейтон жасушаларды ұзақ өсіру үшін 3D - поралары ірі зертханалық матрикс технологиясын қосты. Дж. Лейтон жасанды губкалы материалда көптеген соматикалық жасушалар линияларын өсіруді үйреніп қана қоймай, сонымен қатар, ісік жасушаларының линиялары матрикте шар тәрізді жасушалық агрегаттар қалыптастырғанын (қалыпты жасушаларамен салыстырғанда) бірінші болып көрсетті [15-17]. Кейін, агрегаттар цитотоксиндер, радиация мен гипоксияға аз сезімтал екені көрсетілді [18, 19]. Ұлпалық культуралардағы ісік жасушалары сфероидтарының өсуін химиялық және радиорезистентті жасушалық метастазалардың пайда болуымен байланыстырды. Моноқабатты жасушалық культураларға қарағанда, эпителиалды сфералар мамандандырылған сипаттамаларды жақсырақ сақтайтыны анықталды. 2D культуралар гормондар мен өсу факторларына өзгертілген сезімталдыққа ие болды [20, 21].

Ерте эмбриогенездегі жасушааралық қатынастарға деген қызығушылық, комплементарлы рецепторлар мен беттік лигандтарын жоғары аффинді ұқсастығына негізделген ұрық жасушаларының өздігінен селективті агрегациясына арналған, А. Маскона жұмыстарынан басталады [23]. А. Маскона идеяларын әрі қарай М. Стейнберг жасушалардың аймақтық дифференциалды адгезиясына негізделген, мүшелер мен тіндер морфогенезі концепциясында дамытты [24, 25]. 19 ғ. 60-шы жылдары басында П. Вайс, матрикс ретінде биоиндуктивті поралы материалды қолдана отырып, зертхана жағдайында жасушалардың 2D культуралары мен ұлпаларды 3D құрастыру арасында алғашқы эксперименталды көпір салды. Зертханалық ұлпалық инженерия дәуірі басталды. 3D поралы биоматериал, ұлпаны ұйымдастырылған құрастырумен ұштасқан, дамымаған прогениторлар дифференцировкасы, миграциясы мен ұйымдасқан қоныстануы үшін кеңістіктік сигналды матрица қызметін атқарды. Әдетте, «зертханалық 3D ұлпа» құрастыру эмбриогенез бен органогенезді айналып өтумен жүрді. Соңғы екі он жылдықта, эмбриогенездің маңызды оқиғаларын жинақтайтын және іске келтіретін, сериялы қайталанатын жасушалық модульдер ретіндегі сфероидтар (микротіндер) концепциясы белсенді дамып жатыр [26]. Модульдердің негізін эпителиалды және стромалды жасушалардың көпжасушалық агрегаттарының сериялық көшірмелері құрайды.

Сфероидтардың екінші маңызды ерекшелігі, экстрацеллюлярлық матрикс компоненттерінің минималды үлесінің болуы немесе мүлдем болмауы. Микроорта сигналдары сфероидтардағы жасушалардың ұзақ (бірнеше ай) тіршілігі үшін жағдай жасайды. Сфероидтардың тіршілігін сақтауы олардың васкуляризацияланбауымен байланысты емес. Сфероидтағы жасушалардың тіршілігін сақтаудың жоғары деңгейі моноқабатты культурамен салыстырғанда 3D агрегаттарда метаболизм, АТФ пен оттегін қолдану минимизациясымен байланысты [27, 28].

Сфероидтарда дөңгеленген жасушалар цитоқанқа мен жасушалық адгезия аппаратының ақуыздарын минималды экспрессиялайды. Бұл сфероидты жасушаларға эмбриогенездің ерте сигналдарына сезімталдығын қайтарады. Сонымен қатар, матрикс жоқ кезде жасушалардың шар тәрізді статусы жасушалардың цитодифференцировка сигналдарына сезімталдығын блоқтайды. Заманауи биология мен медицина тін тәрізді миникұрылымдарды өсірудің 3D-технологиялары айналасындағы «бум» фазасынан өтуде. Тек бағаналы жасушалармен байланысты зерттеулер, жаңа ашылулар мен инновациялардың жинақталу жылдамдығымен салыстыруға келеді. Қазіргі уақытта, жасушалардың *in vitro* спонтанды 3D - агрегациясы арқылы мөлшері 50 - 100 мкм³ болатын тіннен минималды құрылыс блоқтар құрастыру идеясын жүзеге асыру жолдары көбеюде [29, 30].

Бұл технологияның бірінші көрнекті артықшылығы – мүшелердегі жасушалар тығыздығымен салыстыруға келетін көлем бірлігіне жасушалар тығыздығына қол жеткізу мүмкіндігі [31]. Екіншіден, паренхима-стромалды модульдерден мини-тін зертханалық реконструкциясы, оған сәйкес келетін осьтік hard/soft-микроортаны қажет ететіні белгілі болды. Аралас мини-агрегаттар типті зертханалық құрылымдар уақытша провизорлы ұрықтық және экстраэмбрионалды тін жасау үшін қолданыла бастады [32]. Үшіншіден, жасушадан тыс матрикс жоқ болуына байланысты сфероидтарда шар тәрізді байланыспаған жасушалар дифференцировкасы блоқталған. Осылайша, ММБЖ/ЭБЖ 3D-культивирлеу сүтқоректілердің ерте соматикалық эмбриогенезі мен тіндердің зақымдануына ұйымдасқан жауап механизмдерін зерттеудің бұрын соңды болмаған мүмкіндіктері ашылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Репин В.С., Сабурина И.Н. Обратимые эпителио-мезенхимальные трансформации клеток в эмбриогенезе и постнатальном обновлении тканей // Клеточная трансплантология и тканевая инженерия. – 2006. – No 3. – P. 64-73.
2. Zipori D. MSCs: harnessing cell plasticity to tissue and organ repair // Blood Cell Mol. – 2004. – Vol. 33. – P. 211-215.
3. Zipori D. Biology of Stem Cells and the molecular basis of the stem state. – Munich: Heidelberg, 2009.
4. Zipori D. The stem state: mesenchymal plasticity as a paradigm // Curr. Stem Cell Res. Ther. – 2006. – Vol. 1. – P. 95-102.

5. Prindull G., Zipori D. Environmental guidance of normal and tumor cell plasticity: epithelia-to-mesenchymal transitions as a paradigm // *Blood*. – 2004. – Vol. 8. – P. 8-12.
6. Thiery J.P., et al. Epithelial-to-mesenchymal transitions in development and disease // *Cell*. – 2009. – Vol. 139. – P. 871-890.
7. Ryan P., et al. Tissue spreading on implantable substrates is a competitive outcome of cell-cell vs cell-substratum adhesivity // *Proc. Natl. Acas. Sci. US*. – 2001. – Vol. 98. – P. 4323-4327.
8. Ninomiya H., Winklbauer R. Epithelial coating controls mesenchymal shape change through tissue - positioning effects and reduction of surface - minimizing tension // *Nat. Cell Biol.* – 2008. – Vol. 10. – P. 61-71.
9. Marga F., et al. *Development Biology and Tissue Engineering // Birth Defects Res. Part C*. – 2007. – Vol. 81. – P. 320-328.
10. Takezawa T. A strategy for the development of tissue engineering scaffolds that regulates cell behavior // *Biomaterials*. – 2003. – Vol. 24. – P. 2267-2275.
11. Hoffman R.M. To do culture in 2D or 3D? That is the question // *Stem Cells*. – 1993. – Vol. 11. – P. 105-111.
12. Walsh K., Megyesi J., Hammond R. Human CNS tissue cultures: a historical review and examination of recent advances // *Neurobiol. Dis.* – 2005. – Vol. 18. – P. 2-18.
13. Raiteri M. Functional pharmacology in human brain // *Pharmacol. Rev.* – 2006. – Vol. 58. – P. 162-193.
14. Gibbons H.M., Dragunow M. Adult human brain cell culture for neuroscience research // *Int. J. Biochem. Cell Biol.* – 2010. – Vol. 42 (6). – P. 844-856.
15. Sutherland R.M. Cell and environment interactions in tumor genesis: the multicell spheroid model // *Science*. – 1988. – Vol. 240. – P. 177-184.
16. Chun M.H. Serum signaling factors and spheroids // *Crit. Rev. Oncol. Hematol.* – 2000. – Vol. 36. – P. 89-98.
17. Morales J., Alpaugh M.L. Gain in cellular organization of inflammatory breast cancer: a 3D in vitro model that mimics the in vivo metastasis // *BMC Cancer*. – 2009. – Vol. 9. – P. 462-429.
18. Miller B.E. Michelson S. Tumor micro-ecology and competitive interactions // *J. Theoret. Biol.* – 1987. – Vol. 128. – P. 233-246.
19. Kuwashima Y., Yamada T., Saio M. et al. Formation and growth of multicellular spheroids in medium containing low concentration of agarose // *Cancer Letters*. – 1993. – Vol. 71. – P. 31-36.
20. Emerman J.T., Pitelka D.R. Maintenance and induction of morphologic differentiation in dissociated mammary epithelium on floating collagen membrane // *In vitro*. – 1997. – Vol. 13. – P. 316-328.
21. Li M.L., Aggeler J., Farson D.A. Influence of reconstituted basement membrane and its components on casein gene expression and secretion in mouse

mammary epithelial cells // Proc. Natl. Acad. Sci US. – 1987. – Vol. 84. – P. 136-140.

22. Moscona A., Moscona H. The dissociation and aggregation of cells from organ rudiments of the early chick embryos // J. Anat. – 1952. – Vol. 86. – P. 287-303.

23. Moscona A.A. Tissue from dissociated cells // Sci. Amer. – 1959. – Vol. 200. – P. 132-134.

24. Steinberg M.S. Reconstitution of tissues by dissociated cells: some morphogenetic tissue movements and the sorting out of embryonic cells may have a common explanation // Science. – 1963. – Vol. 141. – P. 401-408.

25. Steinberg M.S. Differential adhesion and morphogenesis: a modern view // Curr. Opin. Genet. Dev. – 2007. – Vol. 17. – P. 281-285.

26. Mironov V., et al. Organ printing: tissue spheroids as building blocks // Biomaterials. – 2009. – Vol. 30. – P. 2164-2174.

27. Takezawa T., et al. Characterization of morphology and cellular metabolism during spheroid formation // Exp. Cell Res. – 1993. – Vol. 208. – P. 430-441.

28. Takahashi K., et al. Preservation of the characteristics of the cultured human type 2 alveolar epithelial cells // Lung. – 2004. – Vol. 182. – P. 213-228.

29. Lin R.Z., Chang H.Y. Recent advances in 3-D-multicellular spheroid culture for biomedical research // Biotechnology. – 2008. – Vol. 3. – P. 1172-1184.

30. Kelm J.M., Dijonov V., Ittner M. Design of custom shaped vascularized micro tissues using spheroids as minimal building units // Tissue Eng. – 2006. – Vol. 12. – P. 2151-2160.

31. Torisawa Y., Takagi A., Nashimoto Y. A multicellular spheroid assay to realize spheroid formation, culture and viability assay on a chip // Biomaterials. – 2007. – Vol. 28: P.559-566.

32. Long S.H., Smith J., Hyde C. Differentiation of prostate epithelial cell cultures by matrigel/stromal cell glandular reconstruction // In Vitro Cell Dev. Anim. – 2006. – Vol. 42. – P. 273-280.

ӘОЖ 577.14

ХРОМОСОМА ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНАН ТУЫНДАЙТЫН АУРУ ТҮРЛЕРІ МЕН ЕМ КӨРСЕТУ ШАРАЛАРЫ

Шинышерава Ғ.Б.¹, Батырхайыр М.¹, Шинышерава Д.Б.²

¹ТарМПУ, Тараз қ., Қазақстан, shinysherova@mail.ru, madina_9803@mail.ru

²С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Алматы қ., dariga@mail.ru

Аннотация

В статье описаны клинические признаки возможных хромосомных заболеваний организма в пренатальном периоде развития. Для больных, у которых наблюдаются

синдромы хромосомных заболеваний, рекомендованы советы по лечению и восстановлению трудоспособности.

Annotation

The article describes the clinical signs of possible chromosomal diseases of the body in the prenatal period of development. Advice on treatment and rehabilitation is recommended for patients with chromosomal disease syndromes.

Адам организмі күрделі жүйе болғандықтан, әр түрлі деңгейде реттеледі. Сонымен қатар, арнайы заттар барлық мүшелер, клеткалар мен толық жүйелер қызметін дұрыс атқаруы үшін белгілі - бір биохимиялық процестерге қатысып отыруы керек. Ал ол үшін негізін дұрыс қалау керек. Көп қабатты үйді алдынала жақсы қаланған іргетассыз тұрғызу мүмкін емес секілді, адам денесі де тұқым қуалаушылық материалының дұрыс берілуін қажет етеді. Дәл соған салынған генетикалық код ұрықтың дамуын басқарады және адамның қалыпты тіршілігін қамтамасыз етеді. Алайда, кейбір жағдайда тұқым қуалаушылық ақпаратта қателіктер туындауы мүмкін. Олар жеке гендер деңгейінде немесе жалпы жиынтық деңгейінде болады. Мұндай өзгерістер геномдық мутациялар деп аталады. Басқа жағдайларда бұл мәселе бүкіл хромосомаға, яғни клетканың құрылымдық бірліктеріне қатысты. Соған сәйкес, оларды хромосомалық мутациялар деп атайды. Хромосома жиынтығының немесе хромосома құрылымының бұзылысы нәтижесінде туындайтын тұқым қуалаушылық ауруларды хромосомалық аурулар деп атайды. Адамның метафазалық хромосомаларының жиынтығындағы сандық және құрылымдық өзгерістерін зерттеуде арнайы цитогенетикалық әдістер қолданылады. Хромосомалық бұзылыстар хромосомалық аурулардың пайда болуына себепші болады. Әрбір организм кариотип деп аталатын нақты хромосома жиынтығымен сипатталады. Адам кариотипі 46 хромосома – 22 жұп аутосомадан және екі жыныс хромосомасынан тұрады. Әйелдерде бұл екі Х-хромосома (кариотипі 46, XX), ал ерлерде бірі – Х-хромосома, ал екіншісі – У-хромосома (кариотипі 46, XY). Әрбір хромосомада тұқым қуалаушылыққа жауапты гендер орналасады. Кариотиптеу хромосома саны, пішіні өзгеруімен, жеке гендер дефектісімен байланысты тұқым қуалайтын ауруларды анықтауға мүмкіндік береді. Ондай ауруларға Даун, Эдвардс, Патау, «мысық дауыс» синдромдары, жыныс жүйелеріндегі хромосомалық аурулар және басқалар жатады. Хромосомалық аурулар ата-аналарының гаметаларында пайда болған мутациялар немесе ұрық дамуының алғашқы кезеңдерінде пайда болған мутациялар салдарынан қалыптасуы мүмкін. Ұрпақтан ұрпаққа олардың 3-5%-ы беріледі. Хромосомалық аурулардың шамамен 50%-ы кенет түсікке әкелсе, ал 7%-ы өлі туылуына себеп болады [1].

Патау синдромын ең алғаш рет 1960 ж. К. Патау әріптестерімен бірге балаларда дамудың көптік ақауларымен сипаттаған. Патау синдромы хромосомалардың сандық өзгерісі анықталған екінші патологиялық жағдай


болып табылады. Бұл ауру балаларда 1:6000 жиілікпен кездеседі. Ұл балалар мен қыз балалар арасындағы кездесу жиілігі бірдей, яғни 1:1. Патау синдромы бар балалардың бір бөлігі пренаталды кезеңде өледі. 80-85% жағдайда ауру мейоз кезінде ата-аналық жыныс клеткаларының түзілу процесінде хромосомалардың бұрыс таралуымен шартталған, яғни спонтанды мутацияның нәтижесі болып табылады. Мұндай мутациялардың туындауы Даун синдромындағы сияқты, ана жасына байланысты ұлғаяды. Науқастардың кариотипі: 47,XX,+13 немесе 47,XY,+13 [2, 4].

Патау синдромы бас миы мен бет пішініндегі дамудың көптік туа біткен ақауларымен бейнеленеді. Бас сүйек шеңбері кішірейген, ол микроцефалия түзілуіне әкеледі. Бастың төбе бөлігінде өте жиі диаметрі 1 см-ге дейін тері болмайтын аймақ кездеседі. Көлбеу маңдай, көз саңылауы тар, мұрын алды кіріңкі, көзі мөлдір қабықтың лайлануына байланысты дамымаған (микрофтальмия), құлақ қалқаны төмен орналасқан және деформацияға ұшыраған. Патау синдромының типтік белгісі барлық науқастарда жоғарғы ерін мен таңдайда жарықшақтар болуы, көп жағдайда екі жақты болады. Патау синдромымен ауыратын балалар ауыр туа біткен ақауларға байланысты көбісі ұзақ өмір сүрмейді, мұндай науқастардың 95%-ы 1 жасқа жетпей қаза болады. Науқастарда психомоторлық дамудың тежелуі байқалады. 100% орталық жүйке жүйесі зақымдалады. Дегенмен, дамыған елдерде Патау синдромымен ауыратын науқастардың өмір ұзақтығы 5 жасқа (15%) және тіпті 10 жасқа (2-3%) дейін жеткен. Осы синдроммен ауыратын науқастарға көрсетілетін емдік көмек спецификалық емес: туа біткен ақаулықтарға ота жасау, жалпы әлдендіретін емдеу, ұқыпты күтім, суық тию және инфекциялық аурулардың алдын алу. Патау синдромы бар балалардың барлығы толық жарыместер.

Эдвардс синдромын 1960 ж. Эдвардс сипаттағандықтан соның атымен аталады. Бұл синдром барлық жағдайда 18-хромосоманың регулярлы трисомиясымен шартталған. Науқастың кариотипі: 47, XX,+18 немесе 47, XY,+18. Мозаицизм мен транслокациялық формасы сирек кездеседі. Жаңа туылғандар арасында 7000 баланың ішінде 1 бала ауру болып туылады. Ұлдар мен қыздар арасындағы қатынасы 1:3 құрайды. Қыз балалардың басым болуының себебі әлі анықталмаған.

Науқастар санының өте аздығына қарамастан, ғалымдар осы синдромға 1960 жылдардың соңында-ақ клинико-генетикалық сипаттамалар берген. Эдвардс синдромы үшін тән белгілер: бастың бет бөлімінде, жүректе, сүйек жүйесінде, жыныс органдарында дамудың көптік туа біткен ақаулары байқалады. Көп жағдайда қол-аяғы дамуында ауытқулар болып, қолдағы бас бармақ саусағы мен сәулелі сүйектер дамымайды, өкшесі шығыңқы және саусақтары салбырап тұратын табаны (тербелме-табан), алғашқы өрлеу сүйегі қысқа болады. Кейде жұлын жарығы, жоғарғы ерін жырығы, көз дамымауы – микрофтальмия байқалады. Жиі жағдайда асқазан ішек жолдарының даму ақаулары байқалады: өңеш атрезиясы (қуыс болмауы), ішек айналымының аяқталмауы және т.б. Осындай синдромы бар науқастарда өкпе дамымауы

(гипоплазия), бүйректерінің бірігіп кетуі, несепардың екі еселенуі, ұл балаларда крипторхизм байқалады. Одан үлкен жастағы науқастарға ақыл-ой кемістігі тән. Эдвардс синдромының клиникалық белгілері 1-суретте көрсетілген.



а – деформацияланған және төмен орналасқан құлақ қалқаны; б – жоғарғы ерін жырығы; в – тербелме-табан

Сурет 1- Эдвардс синдромының клиникалық белгілері

Олигофренияның кең тараған түрінің бірі Даун синдромы шамамен 100 жыл бұрын сипатталған және әр түрлі туа біткен ақыл-есі кем әртүрлі физикалық аномалиялардың жиынтығын біріктіреді. Физикалық ауытқулар жеңіл ауытқулардан ауыр кемтарлыққа дейін-барлық ұлпалар мен мүшелерден табылған және бұл Даун синдромы бар науқастардың сыртқы келбетін бір-біріне ұқсас етеді. Оны ең алғаш 1866 ж. ағылшын педиатры Л. Даун сипаттаған. Қосымша хромосоманың болуы бірқатар физиологиялық ерекшеліктердің туындауына әкеледі. Нәтижесінде баланың дамуы баяулайды және даму кезеңдері өз қатарластарынан кештеу өтеді. Баланың оқуы қиын болады, дегенмен де, Даун синдромы бар балалардың көбісі жүріп, сөйлеп, оқып, жазып үйреніп, басқа балалардың қолынан келетін нәрсенің көп бөлігін жасай алады [3, 4].

Даун синдромының клиникалық бейнесі алуан түрлі: дамудың туа біткен ақаулары, жүйке жүйесінің постнаталды дамуының бұзылысы, екіншілік иммун тапшылығы және т.б. Даун синдромы бар балалар мезгілінде, алайда айқын білінетін пренаталды гипоплазиямен туылады. Бұл синдромның көптеген симптомдары туылған кезден-ақ байқалады, әрі қарай олар нақты көріне бастайды. Даун синдромы бар науқастардың көбінде келесідей физикалық ауытқулар байқалады: монғолоидты көз сызығы (осы себепті ертеректе Даун синдромын монғолоидизм деп атаған), эпикант, аласа бойлылық, бүкіл денесінде әлсіз бұлшықеттер (гипотония), қол-аяғы қысқа, деформацияланған құлақ қалқаны, мұрын қыры жалпақ, үлкен (әдетте аузынан шығып тұратын) тілі. Адам алақанындағы проксимальды көлденең қыртыс пен ортаңғы көлденең қыртыс кей жағдайда бірігіп бір үлкен көлденең қыртыс түзеді. Даун

синдромы кезінде радиалды аймақтан басталатын көлденең қыртыс алақанды кесіп өтіп ульнарлы аймаққа дейін жетеді. Әдетте ол бір ғана алақанда болады, бірақ екі алақанда да кездесеуі мүмкін. Benda мәліметтері (1960 ж.) бойынша, Даун синдромы кезіндегі жалғыз көлденең қыртыс көбінесе сол алақанда кездеседі, ал басқа деректер бойынша оң алақанда. 2-суретте Даун синдромына тән клиникалық белгілері көрсетілген.




а – алақандағы тұтас көлденең қыртыс; б – жазық бет, эпикантус; в – I және II башпай арасындағы аномальды қашықтық

Сурет 2 – Даун синдромына тән клиникалық белгілері

Даун синдромы сирек кездесетін патология емес – орта есеппен 700 туылған нәрестенің біреуінде кездеседі. Жыныстар арасындағы қатынасы 1:1. Ақыл-ой дамуы артта қалған науқас балалар арасында Даун синдромымен ауыратын балалар 10-12 %-ды құрайды. Даун синдромының мұндай жоғары жиілігі ата - ана жасына байланысты. 18 жасқа дейінгі және 35 жастан жоғары аналардың науқас баланы дүниеге әкелу мүмкіндігі жоғары. Мысалы, 20 жастан асқан аналарда Даун синдромымен ауыратын баланың туылу жиілігі 1:1800 қатынасында болса, 45 жастан асқан аналарда 1:30, ал жасы 49-дан асқан әйелдерде 1:12 қатынаста. Соңғы мәліметтер бойынша, әкесінің жасы 42 жастан жоғары болса, синдромның пайда болу қаупі жоғарылайды. Бүгінгі күнде Даун синдромы бар ересектердің өмір сүру ұзақтығы ұлғайып, 50 жасқа дейін жеткен. Осындай синдромы бар көптеген адамдар некелесе алады. Ерлерде сперматозоидтардың шектеулі саны байқалады. Көптеген Даун синдромы бар ер адамдар ұрықсыз болса, ал әйелдерде қалыпты етеккір байқалады. Даун синдромымен ауыратын әйелдердің 50%-ы балалы бола алады, олардан туылған балалардың 35-50%-ы Даун синдромымен немесе басқа да ауытқулармен туылады.

Шерешевский Тернер синдромы – бұл балалардың 45,X кариотипімен туылатын формасының жалғыз түрі, 90 % жағдайда өздігінен түсік болады. Бұл синдромды ең алғаш орыс оқымыстысы Н.А. Шерешевский 1925 ж. анықтаған. 1938 ж. Г. Тернер осы ауруға толық сипаттама беріп, Шерешевский-Тернер синдромы деп аталып кеткен. Кейінірек ауру этиологиясы – әйелдерде X-

хромосома бойынша моносомия екендігі анықталған. Бұл синдромның жиілігі жаңа туылған қыз балалар арасында 1:3000 қатынаста. Аталған синдром белгілері бар қыздарда туылғанда және 2-3 жасқа дейін физикалық даму көрсеткіштері қалыптыдағыдай болады. Кейіннен жайлап өсу жылдамдығы жылына 2-3 см төмендейді. Шерешевский-Тернер синдромына тән клиникалық белгілері 3-суретте көрсетілген. Негізінен, 11-12 жасқа дейін сүйектері қалыпты өседі, уақыт өте келе гипергонадотропты гипогонадизм әсерінен сақталу қалпынан айырылады [4].



а –тапал бой; б – мойын птеригиумы; в – табанның лимфалық ісінуі

Сурет 3 – Шерешевский-Тернер синдромына тән клиникалық белгілері

Шерешевский-Тернер синдромымен ауыратын науқастарды комплексті емдеу: 1. Реконструктивті хирургия (ішкі мүшелердің туа біткен ақаулары); 2. Пластикалық хирургия (қанат тәрізді қатпарды алып тастау және т.б.); 3. Гормоналды емдеу (эстроген, өсу гормоны); 4. Психотерапия. Соңғы 10 жылда Татарстанда Шерешевский-Тернер синдромы бар 50 қыз бала анықталған. Моносомиялық түрі 16 (32%), мозаикалық кариотип (45,X/ 46,XX; 46,Xi /45,X) – 34 (68%) қыз балада кездескен. Олардың туылған кездегі орташа салмағы – $3100 \pm 422,8$ г, дене ұзындығы $52,7 \pm 2,88$ см. Өсу жылдамдығының тоқтауы 3 жастарынан бастап байқалған. Жыныстық жетілуге дайындық кезеңіне дейін сүйек өсуінде кемшілік болмаған. Барлық қыздарда дисэмбриогенездің көптеген стигмалары байқалған. Алайда мойын птеригиумы тек 3 (6%) қыз балада, ал біреуінде хирургиялық түзетуді қажет ететін (2%) аорта коарктациясы, ал 7-інде (14%) таға тәрізді бүйрек байқалған. Жыныстық жетілу кезеңінде алғашқы гипогонадизмнің клиникалық белгілері айқындалған. 50 қыздың 20 – сында диагноз өте кеш қойылып, өсу аймақтары тоқтап қалған; 12 қызда СТГ дефициті байқалмаған. Тек 18-і СТГ дефицитіне байланысты өсу гормонымен ем қабылдаған. Осылайша, 6-7 жылдан кейін науқастарды емдеу қалыпты жас ерекшелігінің төменгі шекарасына жеткен.

Хромосомалық аурулар жаңа туылған сәбилер арасында 1:100 жиілікпен кездеседі. Әдетте, мұндай ауруы бар балалар ұзақ өмір сүрмейді. Хромосомалық аурулар емделмейді, себебі ұрық дамуында алынған генетикалық материал өмірінің соңына дейін сақталады. Дегенмен,

реконструктивті хирургия, пластикалық хирургия, гормоналды емдеу және психотерапия арқылы науқастардың жалпы жағдайын жақсартып, еңбекке қабілеттілігін арттыруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Асанов А.Ю., Демикова Н.С. Основы генетики и наследственные нарушения развития у детей.– М.: Академия, 2003. – С.192-225
2. Семинский И.Ж. Медицинская генетика: Хромосомные болезни // Сидирский медицинский журнал. – 2001. – № 1. – С. 83-85.
3. Тимолянова Е.К. Медицинская генетика. – Ростов н/Д, 2003. – 304 с.
4. Коряков Д.Е., Жимулев И.Ф. Хромосомы. Структура и функции. – Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2009. – 258 с.

ӘОЖ 376

ДАУН СИНДРОМЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Косбакова Г. Д., Сейтбаев Қ. Ж.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, kuandik_1960@mail.ru

Аннотация

В статье описаны физиологические и клинические особенности детей с синдромом Дауна в норме и патологии.

Annotation

The article describes the physiological and clinical features of children with Down syndrome in health and disease.

Даун синдромы – трисомия 21-жұп хромосомалардың қалыпты екі көшірменің орнына үш көшірмемен көрінетін геномдық патологиялардың бірі, ең зерттелген хромосомалық ауру, яғни адам кариотипі 46 хромосома орнына 47 хромосома қалыптасады. Жаңа туған нәрестелер арасында Даун синдромының жиілігі 1: 700-1: 800 құрайды. Ғылыми зерттеулерге талдау жасау арқылы, Даун синдромы бар балалардың туылу жиілігі анасының жасына және әкесінің жасына қарай аз дәрежеде байланысты екендігі анықталған. Зерттеліп отырған синдром ауруын ең алғаш рет 1862 жылы ағылшын дәрігері Джон Даун зерттеген болатын. Сондықтан да, бұл ауру «Даун синдромы» деп аталған. Жас кезінде Даун синдромы бар балалардың болуы ықтималдығы айтарлықтай артады. Мәселен, 45 жасында ол шамамен 3% құрайды. Даун синдромы бар балалардың жоғары жиілігі (шамамен 2%) ерте босанған (18 жаста) әйелдерде байқалады. Демек, Даун синдромы бар балалардың туылу жиілігін салыстыру үшін халықтың арасында туылған нәрестелердің үлесін алу

керек (30-35 жастан кейін туған әйелдердің үлесі, барлық туғандар арасында). 35 жастан кейін туылған әйелдердің саны 2 есе азайған. Соңғы 15 жылда Даун синдромы бар балалар саны 17 – 20%-ды құрайды. Аналық жасының ұлғаюы – бұл синдромның жиілігін арттыратындығы белгілі. Даун синдромы бар балалар көпшілігі жастары 30 жастан асқан аналарға дүниеге келетіні анықталған. Бұл жас тобындағы жүктіліктің көптігіне ересектер тобымен салыстырғанда байланысты артады. Әдебиеттерде, кейбір елдерде (қалаларда, ауылдық жерлерде) белгілі-бір уақыт аралығында Даун синдромы бар балалардың туылуының «жиілігі» сипатталған. Бұл жағдайларды этиологиялық факторлардың (вирустық инфекция, радиацияның төмен дозалары, хлорофос) әсерінен емес, хромосомалардың диверсиялық функциясының риясыз деңгейінің ауытқуы арқылы түсіндіруге болады.

Даун синдромының цитогенетикалық нұсқалары әртүрлі. Алайда, негізгі үлесі (94-95%) миозда хромосомалардың бұзылуының салдарынан қарапайым қалыпты трисомия 21 жағдайлары болып табылады. Сонымен қатар, аурудың осы гаметикалық нысандарына тән емес аналық үлесі 80%, ал аталық үлесі – 20% ғана. Бұл айырмашылықтың себептері түсініксіз. Даун синдромы бар балалардың кішкене (шамамен 2%) үлесі мозаикалық формаларға ие (47 + 21/46). Даун синдромы бар науқастардың шамамен 3-4% -ы акроцентриктердің (D/21 және G/21) *Robertsonian* транслокациясының трисомиясының транслокациялық нысанын алады. Транслокациялық нысандардың шамамен 50%-ы ата-аналардан мұраға қалдырылған, ал 50%-ы да жаңадан туындаған транслокация. Даун синдромы барлық этникалық топтар мен экономикалық кластарда кездеседі. Анасының жасы Даун синдромымен бала көтеруге әсер етеді. Анасының жасы 20-24 жас болса, ықтималдылығы 1:1562, 35-39 жас болғанда 1:214, ал 45 жастан асса 1:19. Соңғы зерттеулерге сәйкес, яғни 2008 жылғы мәліметтер бойынша, ықтималдық анасының жасына сәйкес өскенімен, ауру балалардың 80%-ы 35 жасқа дейінгі аналарда туылғандығы байқалған.

Даун синдромы жыныс жасушалары қалыптасуымен немесе жүктілік кезіндегі кездейсоқ оқиғаларға (мутация) байланысты болуы мүмкін деп көрсетті. Даун синдромы бар нәрестелер мен қыздардың арақатынасы 1:1 құрайды. Даун синдромының клиникалық симптомдары әртүрлі: бұл туа біткен кемістіктер, жүйке жүйесінің босанғаннан кейінгі дамуының бұзылуы, екінші рет иммунды жетіспеушілік және т.б. Даун синдромы бар балалар өз уақытында туады, бірақ қалыпты пренатальді гипоплазиямен (орташа мәндерден 8-10% төмен) туады. Даун синдромының көптеген белгілері туған кезде байқалады, кейінірек олар айқынырақ көрінеді. Білікті педиатр дәрігерлердің 90% жағдайында перзентханада Даун синдромының дұрыс диагнозын жасайды. Краниофасиялы дисморфиядан Моңғолоидтық көздің кескіні байқалады (Даун синдромы бұрыннан моңғолизм деп аталады), дөңгелек тегіс бет, мұрынның жазық артқы жағы, эпикалық, үлкен (әдетте шығып тұрған) тіл, брейксифальды, деформацияланған құлақ.

Кесте 1 – Даун синдромының жиі кездесетін сыртқы белгілері

Ақаулық немесе симптом	Жиілігі, науқастардың жалпы санының % -ы
Мидың беті	98,3
Брахсицефалия	81,1
Моңғолитті кескін	79,8
Эпикант	51,4
Мұрын тегіс	65,9
Үлкен тіл асып кетеді	?
Деформацияланған құлақ	43,2
Тірек-қимыл аппараты, аяқ-қолдар	100,0
Бойы	100,0
Кеуде деформациясы	26,9
Pinky клиникалық жағдайы	56,3
Қолдың бесінші саусақтың қысқартылған ортаңғы фаланксы бір бүктелген	9
Құмды саңылау	?
Көздер	72,1
Брашфилдің дақтары	68,4

Кесте 2 – Даун синдромындағы ішкі ағзалардың үлкен туа біткен кемістіктері

Зақымданған жүйе	Жиілігі, науқастардың жалпы санының % -ы
Жүрек-тамыр жүйесі	53,2
Интервенрикулярлық септің ақауы	31,4
Atrial septal ақауы	24,3
Ашық atrioventricular канал	9
Асқорыту органдары	15,3
Атресия немесе дуоденальды стеноз	6,6
Өңештің атрезиясы	0,9
Ректум мен анустың атрезиясы	1,1
Мегаколон	1,1
Несеп шығару жүйесі (бүйрек гипоплазиясы, гидрозейретрия, гидронефроз)	5,9

